

# П И О Н Е Р



МАРТ

1955 ЖЫЛ

№ 3

АЛМАТЫ



«ҚУПИЯ СЫР»

Фотоэтиюд М. Галкиндікі.



Ленин — Сталин ісі үшін күреске дайын бол!

# ПИОНЕР

№ 3

МАРТ

1955 жыл.

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

Айына бір рет шығады.

Шығуына 17 жыл.

Юрий Яковлев

## Сыйлық



1

Кәдімгідей қатып мұз,  
Москваға қыс келді.  
— Шыйрағырақ аттаңыз! —  
Деп бұйырып күшке енді.  
Ізінше оның көшеде  
Ұлпаланып қар қалды.  
Боран ұйтқып көшеді,  
Елемейді заңдарды.

\*\*\*

Қалың халық қаптаған  
Өзендерше тасыған.  
Пресняда қақпадан  
Шықты міне жас ұлан.  
Тужурка бойға лайықты,  
Баса киген ол бөркін.  
Көшесінде даңқты  
Келе жатыр өзі еркін.

Уқалап алып беттерін  
Қылшық жүнді қолғаппен,  
Тағы да алға беттеді,  
Сықырлайды жолы өткен.  
Бес адым жерде жалтырап,  
Айдынын мұз тосты, әні.  
Қонькилері жарқырап,  
Сырғанап жүр достары.  
Шіркін, осы айдында  
Өтер ме ед бір сырғанап?!  
Кетті бірақ жайына,  
Өтті мойнын бүрмай-ақ.  
Сырғанақ, үй, сабаққа  
Бара жатқан, сірә, ол жоқ.  
Асығады қай жаққа  
Кең көшеде Воронок?  
Шалып қап көзі сағатты,  
Шапшаңдады ол жолында.  
Орап алған бір затты  
Жылытады қойнында.  
«Бораннан қалай жасырам,  
Жеткізем қайтіп бүлдірмей?!» —  
Деп ойлайды жас ұлан,  
Жүрісінен кідірмей.  
Ұлпасындай теректің  
Жапалақтап қар жауып,  
Құлақшын, жаға, нықты  
Аппақ қылып тұр жабып.  
Соғады аяз ызғары  
Сүйіп бетін баланың.  
Садовойдан озды әрі,  
Восстание алаңын,  
Тағы да бір көшені  
Өтті, кетті бұл жырақ.  
Никитаның қақпасы  
Қалды артында бұлдырап.  
Көрінді, эне, алдында  
Кремль — қарт қабырға.

2

Кремль қыстың кезінде  
Тым ерекше сәулетті.  
Тіпті аяздың өзін де  
Күй сәулесі бөлепті.  
Әрқашан қызыл,  
лебі ыстық,

Жып-жылы,  
берік ол кілең.  
Көне салты, келісті  
Кірпіштері өрілген.  
Мұнараға, іргеге,  
Қар қоныпты шыршаға.  
Жауынгердің бөркін де  
Қар басыпты мұншама.  
Сақшылар суық боранда  
Аяқтарын қағып ап,  
Кремль-лі қорғауда  
Қасқырып тұрар жадырап.

\*\*\*

Халық Қызыл алаңда  
Ерсіл-қарсыл өтуде.  
Қақпа алдында тұр бала  
Жалын ойнап бетінде.  
Оны ақ боран түгелдей  
Мамыққа орап алыпты.  
Құлақшыны жүргеннен  
Қыйсайып та қалыпты.  
Жалындап көзі от шашты.  
«Қақпаға кірсем... қыйын-ақ!»  
Спасск қақпасы  
Үлкен, әрі биік-ақ.  
Не істерін білмей тұр бала.  
Жауынгер келді жақындап.  
Үстінде тоны үр жаңа,  
Басыпты қар жаркылдап.  
Құлақшында жұлдызы —  
Қызыл от бейне жанады.  
«Барасың қайда?» —  
Тұрды өзі,  
Құрметтеп жас баланы.  
— Кремльге! Оған мен  
Кіруім керек қалайда! —  
Деп Володя төменнен  
Жоғарыға қарайды.  
Жоғарыдан төменге  
Қадалды көзі сақ ердің.  
— Не жұмыспен келген ең?  
— Сталинге сый әкелдім!  
Батыл жауап қайырды,  
Жаңылмады сөзі де.  
Жайдарылық жайылды

Сақшының сонда жүзіне  
Құрметпен ол үңілді  
Воронокқа күлімдеп.  
Нұсқады сосын бір үйді,  
— Кірдағы сен жылын,— деп.

3

Құлақшының жылы үйде  
Бауын шешті ұл жаңағы.  
Сержантка сақшы білдірді  
Сый әкелген баланы.  
Комендант та көрінді,  
Қақпаға таяп келеді.  
Шинельдің жаға, өңірін  
Тікенек қырау көмеді.  
Үй ішіне ол кіріп,  
Қарады түйіп қабақты.  
Босағада кідіріп,  
Папахасын бір қақты.  
Генералды көрген соң,  
Воронок қалды қысылып.  
— Отыр, ұлым! — деген соң,  
Тынды үйдің іші ұйып.  
Құлақшының шешіп ап,  
Сыйлығын қыса ұстады,—  
Отырды бала. Жөн сұрап  
Генерал сөзін бастады:  
Отряд жыйыны, мектебі,  
Папасының заводы —  
Бәрін де сөз етті енді,  
Генерал бәрін сұрады.  
«Етпесе жәрдем егер бұл,  
Қайтеме?» — бала ойлады.  
Болса да қатал генерал

Кейде күліп қояды.  
Темекі тартып, түтіні  
Көтерілді дөңгелеп.  
Сұрады кенет: «Екілік»  
Жайы қалай, ұлым? — деп.  
Володя жүзі бал-бұл боп  
Тұрды орнынан секіріп:  
«Генерал жолдас, бізде жоқ —  
Отрядта екілік!»  
Володяның бұл сөзі  
Генералға ұнады:  
«Отрядын шын өзі  
Сүйеді жақсы ұланы!»  
Әкелгенін баланың  
Қоштасарда қолға алып,  
Қадады көз жанарын  
Айтты бір сөз сонда анық,  
— Сыйлығыңды Ол алады,  
Апарып берем бөгеусіз.—  
Изеді басын Володя:  
— Отрядтан дегейсіз!

4


Күмбезді тұман орады,  
Нарт жұлдызбен ұштасып.  
Алаңға бала шығады  
Генералмен қоштасып.  
Жыйынға барар кезі енді.  
Жел сарынын үзбейді.  
Сталиннің әйнегін  
Көзімен бала іздейді.  
Терезелер жанынан  
Воронок біздің өткенде,  
Алды оның елін жадына,



Барып еді көктемде.  
Туған осы қалада  
Астаналық алаңнан  
Көргендей болды бала да  
Горийлік үйді жаңадан.  
Онда Сталин есімі —  
Сосо — тұңғыш айтылды.  
Салады оны есіне  
Заттары үйдің әртүрлі.  
Баспалдақ — жүрді ол мұнда,  
Терраса — мұнда ойнапты  
Шәлісін салын мойнына,  
Тербетіп ана, ән айтты.  
«Ұйықта, ұлым,  
Иав-наана.  
Вардо-наана».

\* \* \*

Москва-өзен қалғыйды,  
Жалтыр мұз жауып өн бойын.  
Лиавиға байырғы  
Ұшырады бала ойын.  
Есіне алды ол күліп  
Бағбан шалды горийлік.  
Қарт жүзінен күн дағы  
Жазда, қыста арылмас.  
Шашын көрсең — шалдағы,  
Көзін көрсең — жалын жас.  
Володяға шал бірден  
Көрсетті де бір гүлді,  
Өсетін ерте бар гүлден  
Иа екенін білдірді.  
Кішкентай нәзік гүл екен,  
Бұр жарып жаңа тұр екен.  
Сонда ақшыл-көк шашақтан,  
Бұршіктен,  
Қысқа сабақтан,  
Көктемнің күшті қуаты  
Тарады, қалмай тағаты.  
(Тауда өсетін фиалка,  
Түбі жасыл жапырақ,  
Москвалық сыяқты,  
Үлкенірек бұл бірақ).  
Шал  
сүйікті гүл бетін  
Шалдырмады жалынға.  
— Біздің Сосо теретін  
Көктемде мұны,  
жадымда.  
Тауға бардық бір жолы,  
Етекте тұрды гүлді бак.  
Қыяда жатты шың жоны  
Көк мұздары жалтырап.  
Өрледі ол еркін жолында  
Буынып белін тастүйін,  
Омырауы ашық,  
қолында  
Күн қағарлы баскиім.  
Жол бізді өрге әкетті,  
Тіл қатты ол кенет:  
«Тезірек!  
Қарашы,  
Иа гүлдепті!»  
Еңкейді гүлге өзі кеп.  
Ішінде өскен көгалдың  
Гүлге ол ұзақ үңілді.  
Ойға шомды, ән салды,



Қабағы сәл түйілді...  
Таңертең, бәлкім бүгін де  
Таудан беттеп өзенге,  
Сүйсініп жаны сол гүлге,  
Ұландар қосты өлеңге...

\* \* \*

Майда жел есіп таулардан,  
Соғылды бұлттың төсіне,  
Терін сұртті маңдайдан,  
Бағбан шал ойлы пішінде.  
Гүл

ақшыл-көк алаудай  
Құлпырды қалың шалғында.  
Елтіген ессіз адамдай  
Воронок тұрды алдында.  
Көктемгі күн шашып нәр  
Түлеткен таудың қойнында,  
Аяулы не бір асылдар  
Сыйғандай сол гүл бойына.  
Кернейді баста ой қапша,  
Шарықтайды қыялы:  
— Өсер ме еді апарса,  
Москва жакка Ианы?  
Шулайды жасыл жапырақ,  
Қарт бағбан басын шайқады,  
Иығына қолын сап,  
Володяға айтады:  
— Жетіспес бұған сәуле-нұр,  
Москва бізден жырақта,  
Қандай қолға тиер гүл,—  
Содан ғой бәрі бірақ та.  
— Оңай ма жалғыз өзіңе? —  
Қатал шал солай деп еді.  
Бала айтты оның сөзіне:  
— Жолдастар көмек береді!  
— Қайсарсың-ау осы сен! —  
Күректі салып табанға,  
Гүлді дымқыл сазымен  
Ұсынды қартың ұланға.

5

Кремльде кабинет.  
Тыныштық сондай көңілді.  
Москва отын жағып ед,  
Әйнектен түгел көрінді.  
... Боз тұманға күн батты  
Жарығы да күнгірт, кем.  
Генерал сол шақ кеп қапты  
Кабинетке сыйлықпен.—  
Ораулы затқа көз салып,  
Баяндады іс мәнін:  
— Әлгіңде сыйлық келді алып  
Сізге, жолдас Сталин! —  
Ораулы затты дана адам  
Жақын қойды жарыққа,  
Жібін шешіп байлаған,  
Газетін былай алып та.  
Көзінше —

Жылып гүл енді,  
Жапырағын жая жөнелді.  
Сонда ақшыл-көк шашақтан,  
Бүршіктен,  
Қысқа сабақтан  
Көктемнің күшті қуаты  
Тарады, қалмай тағаты.

Сел жаңбырдан кейінгі  
Гүлдегі шықтай көрінді;  
Күлімдеп қыран көзі де,  
Жылынды жылы жүзі де,  
Көтеріп алды ол гүлді епті,  
— Караныз,  
Иа гүлдепті!  
Аязда, мұнда көктеді,  
Кремльге кенеттен  
Келді Гори көктемі  
Кавказдағы бір шеттен.  
Келді ол желдің лебімен,  
Әкелді әсем жаркылын...—  
Сталин сыйпап қолымен  
Гүлге еңкейді ақырын,  
Есіне алды,

күн шыға  
Осындай гүлді теруге  
Достармен бірге құлшына,  
Барғанын таудың өріне.

\* \* \*

«Қыяда қалса түстігі,  
Гүл қалай мұнда жетті екен?  
Көктемнің гүлін қыс күні  
Жайқалтып кім екті екен?»  
Мүз өрнегі әйнекте,  
Күн кешкіге айналды.  
Жас бағбанды сол сәтте  
Еске алып, ол ойланды:  
«Мұндайларды қорқытпас  
Аязды, аптап табиғат.  
Осылар барда ел тұтас  
Ұзамай гүлге оранбак»,  
Команданттан сұраған  
Сонда жолдас Сталин:  
— Кім екен батыл бұл бағбан?  
Білсеңіз қайтер түспалын? —  
Жауап қатты генерал.  
— Келіп ед боран кезінде,  
Он екілерден, жорамал,  
Аса қоймас өзі де.  
Ұйтқыйды қар далада,  
Сталин ойға шомады:  
«Түбінде мұндай баладан  
Бір жақсы адам шығады».

\* \* \*

Астана түгел шам жақты:  
Қала үстін кешкі шақтағы  
Жарқ еткізді — жайнатты  
Зәулім үйлер оттары.  
Троллейбус тежелді,  
Қалғандай шаршап өзі де.  
Жыпылықтай жөнелді:  
Қар түскен бе көзіне?!  
Ызғарлы ауа шымшылап  
Араласаң көшені,  
Метродан ғана шым-шымдап  
Жылы леп бетке еседі.

\* \* \*

Ұқсайды халық толқынға.  
Өзенше, шалқып тасыған  
Тоғысады толқындар.  
Келе жатыр жас ұлан.  
Тужурка бойға лайықты  
Баса киген ол бөркін

Көшесінде даңқты  
Келе жатыр өзі еркін.  
Бақытты күнде лүпілдеп  
Асыға жүрек соғады.  
Көңілде шаттық дүбірлеп  
Жаңғырыққандай болады.  
Қызыл да жасыл сәулелі  
Қайрылыс кейін қалады.  
Қалоштың торлы іздері  
Секілді дәптер парағы.  
Сықырлайды жауған қар  
Аяғын шыйрақ басқанда,  
Тез жетсем деген ойы бар  
Отрядтағы достарға.  
Елестетті өзі анық,



Воронок ойға шомды да,  
Сталин, бәлкім, гүлді алып  
Столына қойды да,  
Ашылсын деп шашағы  
Үңілді, су құйды да...  
Володя жедел басады,  
Қуаныш сыймай қойнына.  
Бұлдырап талдар қалады,  
Өйтпеске жоқ шыдамы.  
Бірақ та Кремль хабары  
Онан да шапшаң зырлады.  
Почташы шыйрақ жан екен  
Мектепке кіріп барғаны:  
— Воронок жолдас қайда екен? —  
Ұсынды телеграмманы.

Вожатый аң-таң,  
әлгі бір  
Қағаздан көзін алмайды.  
Почташы да әлі тұр  
Неге кетіп қалмайды?!  
Қағаздың ашып бұрышын,  
Оқыды ұландар құштарын  
Депті:

РАХМЕТ ГҮЛҮШІН,

Қойылған қол:

СТАЛИН.

Аударғандар *И. Мәмбетов,*  
*М. Әлімбаев.*

# Міндет туралы сөз

Алматыдағы № 56 мектептің аға вожатыйы  
Е. Д. Гранаткинаның әңгімесінен


Осы бетте төрт қыздың суреті жарияланған. Төртеуі де пионер. Бәрі де құрдас, бір класта оқыйды. Бұлар темір жол макетіне қуана карап тұр. Жайдары жүзі де осыны аңғартады. Осыларға карап тұрсаң, ойға мынадай сұрақтар келеді: «Электрлі темір жол макетін бұлар жасаған жоқ қой. Өздері жасағандай-ақ соншама неге маз? Сол жақта бірінші тұрған Алла Бекарюкова емес пе. Ол анала жас мичуриншілер үйірмесіне қатыс дегенде, бұл менің міндетім емес. Үйірмеге өздерің-ақ қатыса беріндер. Менің міндетім сабақты жақсы оқу демеп пе еді. Енді неғып тұр мұнда?»

Бұл сұраққа жауап беру үшін әңгімені осы Алланың өзінен бастайық. Алла быйыл 6 «Г» класында оқыйды. Оқуы да, тәртібі де жақсы. Қішіпейіл, тым жұмсақ мінезді қыз. Ол қашанда өз жолдастарына: «Ережеде де айтылған ғой. Мен өзімнің міндетім деп жақсы оқып, әдепті болуды ғана білемін. Әр үйірмеге қатысып уақытты өткізуге күштар да емеспін, әрі бұл міндетім де емес»,— дейтін. Ал, жолдастары:

«Қоғам жұмысына белсене қатысу міндетін емес пе»,— дегенде, Ия, міндетім. Үйірмеге қатысу қоғам жұмысы емес қой, ол әркімнің өз ықтыярына байланысты нәрсе. Тапсырма беріндер, орындайын»,— деп жауап қататын.

Отряд вожатыйы Тамара Погорелова бір жолы Аллаға отряд пионерлерінің үйірме сабағына қатысуын білуді тапсырды. Алла сол күні география пәні үйірмесінің сабағына келді. Онда үйірме мүшелері Алматы — Ланьчжоу темір жолы маршрутын картаға түсіріп жатыр еді. Қарап тұрса, қызық екен. Осы темір жол өтетін жерлердің жер бедерін, көлдер мен өзендерді, орман мен таулардың бәрін де жақсы біліп, картаға дұрыс түсіру керек. Алғаш карап тұрған Алла қызыға-қызыға өзі де қосылып кетті оларға. Кейіннен осы карта бойынша олар темір жол өтетін жерлердің макетін жасауға кірісті.

— Енді мына электр темір жолын сол макетке орнатамын. Сөйтіп Ланьчжоудан



56-мектептің теміржолшылар үйірмесінде.  
Суретті түсірген П. Редько.

Алматыға дейін электр поезы жүріп тұрады,— дейді Алла қуанышпен.

Қазір Алладан міндет жайлы сұрай қалсаң:

— Пионер әр істе үлгілі болуға керек. Өнершіл де болу міндетім екен,— дейді.

Бұл дұрыс та. Бізде міндет жайлы көп әңгіме болады. Осы жайлы талас та туады. Біреулер: «Ережені мүлтіксіз орындасаң, өз міндетінді орындағаның»,— дейді. Менімше, бұл — жеткіліксіз нәрсе. Мұндай сөзден бұйрық лебі еседі. Менімше, ережеде айтылғандар оқушының өзі үшін, өз болашағы үшін де қажет нәрселер. Айталық, оқушы сабақты нашар оқыйды. Нашар оқу дегеніміз — ол оқушы тыянақты білім ала алмай жүр деген сөз. Олай болса, ол күні ертең есейіп ержеткенде коммунизм құрылысшыларының толық мүшесі бола алмай, қатарынан қалып қояды емес пе. Ал, қатардан қалуды ешкім де қалай қоймас. Олай болса, жақсы оқу әр оқушының ізгі тілегі, мақсаты және борышы.

Бірде 5 «Б» класында оқыйтын Юра Расщупкин сабақтан бос кезінде машинаға жабысып өзінше «ерлік» көрсете бастады. Бұл біздің назарымызды аудармай қоймады. Сырласа сұрағанда, ол әлдебір кітаптан оқыған бір жайды айтты. «Көрмейсіз бе, Батыр. Ал, жас күнінде ол тентек те болған екен. Мұнда тұрған не тәртіпсіздік бар. Мен де сол құсап өзімді батыр болуға баулудамын».

Қазір Расщупкин жақсы суретші болып алды. Енді онан ерлік туралы сұрасаң: «Машинадан секіріп, трамвайға жабысу ер-

лік емес екен», дейді ол.— «Түсіндім. Мен сурет салуға іштей құмартқанмен, сала білмеуші едім. Қазір әжептәуір үйреніп қалдым. Рас, көп еңбектенуге тура келеді».

Енді біраз жыл өткеннен кейін Юра шебер суретші де болар. Бірақ, оның кейбір сәтсіздікке мойымай талаптанып сурет салуға үйренгенін ерлік деуге болады. Олай болса, ерлік әдепсіз істен тумайды екен, қайта оқушының өзіне пайдалы, әртүрлі жемісті еңбектенуады екен. Енді оқушының тәртіпті болу міндетіне келсек, тәртіптілік те осындай пайдалы істен шығады. Өз ісіне оқушы неғұрлым ынталана түссе, соны беріле сүйсе, онда ол тәртіп туралы міндетін де аброймен орындайды.

Кейбір вожатыйлар жақсы оқып жүрген пионерлерді ретсіз мақтап, қай жерде болса да, соның есімін атаумен болады. Мен мұны жақтай қоймас едім. Оқуды жақсы оқу — оқушының игі ісі дедік. Ол жақсы оқуға тиіс. Үлгермесе, көмектесуіміз керек. Менімше, жақсы оқумен бірге, өнерлі іске белсене араласып, жолдастарына әрдайым көмек бере білетін, достықты құрметтей алатын оқушыларды мақтау орынды.

Ережедегі міндетті оқушы оқыды да, біледі де. Ал, кейбірі түсіне алмайды. Міне, осындай оқушыларға көмек беру керек. 6 «В» класында оқыйтын Геня Губанов өз киіміне салдыр-салақ қарап, тазалық сақтамай жүрді. Мұнысы оған ескертілді де.

«Киімді кірлетсем, өзімдікі. Сендер сатып әпермендер»,— деді ол жолдастарына. Бірде Геня жас паровозшылар үйірмесіне жазылды. Біраз күн өткен соң үйірмедегілермен бірге депоға барды. Сонда бір паровозшы оған: «Сен де паровозшы болғың келді ме?» деп сұрақ қойды. «Ия» — деді Геня. «Паровозшы таза киінуі керек. Ал, өз үстіңе қарашы»,— деді теміржолшы. Юра қалай ұялды десейші...

Олай болса, білімді адам мәдениетті де болу керек екен. Бұл жай Геняға ғана емес, үйірмедегілерге сабақ болды.

Жасы кішіні сыйлау, жасы үлкендерге құрмет ету де абройлы іс. Жас баланы ойнатып жүрген пионерді көргенде іштей сүйсінесің де. Ал, бізде жас баланы ренжітетіндер де бар. Әрине, бұларға қатты ренжисің.

Аз сөз — достық туралы. Кейде жолдасың сабақ білмей қалса, сыбыраймыз немесе мінін көрсек, жасыра саламыз. Рас, ережеде айтылмағанмен, достың мінін батыл айтып түзетісу, сабағына сыбыр арқылы емес, қамқорлықпен көмектесу — бұл да әр оқушы-пионердің міндеті.

Сонымен міндет туралы әңгіме қозғағанда, тек ережені орындау ғана деп қарауға болмайды. Әрбір өнегелі істе алда болу, соған талпыну, қашан да басқаларға үлгі болып, өнеге көрсету, міне, пионердің міндеті де, борышы да.

Жазып алған С. САҒАСҚАЕВ.

## ЕКІ ӨНГІМЕ

### Кішкентай Алмаш

Мен трамвайда келе жатырмын. Қасымда 7—8 жасар шамасындағы қыз бала отыр. «Мен таныйтын кім бар екен» дегендей жанжағына жалтақтай қарайды.

Кішкентай балалармен сөйлесуге жаным құмар мен:

— Атың кім? — деп сұрадым мен одан.

— Алмаш,— деді ол ақырын ғана.

— Нешінші класта оқыйсың?

— 1-ші класта.

Алмаш менің сұрақтарымның бәріне де қысқа жауап қайырып отырды. Танымаса да үлкен кісінің сұрағына жасқанбай жауап беріп отырғаны маған өте ұнады. Бірдене сұрасаң ұялып, төмен қарап жауап бермей тұрып алатын да балалар бар ғой... Әрине, ол — жақсы әдет емес.

Біз отырған скамейканың арқа сүйегіндегі тұтқадан ұстап түрегеп тұрған ақсақалды қарт адамды мен байқамай қалыппын. Ол кісі бізге назар аударған жоқ. Қасына келіп тұрған қартқа Алмаш бір қарады да, «орныңды бер» деп айтар ма екен дегендей, папкасын бір жақ жанына қойып, төмен қарап отыра берді. Өзіңнен үлкен кісі түрегеп тұрғанда жас адамның отыруы ұят қой. Мен тұрып әлгі қартқа орнымды бердім.

— Отыра беріңіз,— деді қарт риза болған пішінмен сыпайылық білдіріп.

— Жоқ, сіз отырыңыз,— деп мен қартты орныма отырғыздым да, өзім Алмаштың қасында түрегеп тұрдым. Онымен тағы да сөйлескім келіп бетіне қарап едім, көзіне көзім түсіп кетті. Алмаш әлденеден ұялған-



## Қызғаншақ қанден

(Мысал)

Өзі де ешқайда бармайтын, үйіне де ешкімді жібермейтін, барып тұрған бір қызғаншақ Шарик деген қанден ит болыпты.

Бір күні иесі үйді ақтатпақшы болып үй ішіндегі заттарды сыртқа шығарғанда Шарикке де далаға шығуға тура келді. Иесі оған асты да далаға берді. «Ас ішіп жатқанымды біреу-міреу көріп қалып ортақтасар ма екен» деп қауіптенген Шарик жан-жағына қызғана қарап, алақтай бастады. Міне, тұмсығын ас құйған табақшаға енді тигізе бергенде анандай жерде жатқан резинкадан жасалған ойыншық күшікке көзі түсті. Ол ойыншықты кеше ойнап жүріп көрші үйдің балалары жоғалтқан еді. Қызғаншақ Шарик әлгі ойыншыққа алара қарап, ұзақ тұрды. Көзі тайдырса болды, ол қасына жетіп келетін сыяқты. Артқы аяғымен жер тырнап, бар дауысымен «шәуілдеп» үріп-үріп жіберді.

«Ау! Ау! Ау! Менің үйімнің есігінің алдына неге келесің. Өз үйіңе бар! Кет тез! Әйтпесе қазір барып соғып жіберермін» дегендей болады Шарик.

Ойыншық күшік оның неге үріп жатқанын қайдан білсін, орнынан қозғала қоймады.

— Ау! Ау! Кетесің бе, жоқ па? — деп Шарик тағы шабаланды. Ойыншық әлі қозғалатын ыңғай байқатпады. Шарик мойынын

дай қып-қызыл болып, орнынан тез тұрып, трамвай есігінің алдына барды. Маған қарамады.

Үш-төрт күннен кейін қызметтен қайтып келе жатып сол Алмашты трамвайда тағы көрдім. Трамвай ішінде адам онша көп болмаса да, бос орын жоқ еді. Алмаш әжесінің қасында отыр екен. Мен қасына жақындай беріп едім, орнынан тұрды.

— Отырыңыз, ағай.

— Отыра бер, Алмаш, отыра бер, — дедім мен оған.

— Сіз отырыңыз, сіз үлкенсіз ғой. Мен түрегеліп те тұра беремін, — деді. Осы кезде сол жақ орындықтан бір кісі тұрып кетті. Мен Алмашты өз орнына отырғыздым да, өзім әлгі босаған орынға бардым. Сәлден кейін Алмаштың өз орнын басқа бір кісіге ұсынып жатқанын байқадым.

күжірейтіп ойыншық күшікке жетіп барды да, тістеп алып сілкіп-сілкіп, лақтырып жіберді. Ойыншық күшік Шарикке қарсы қарап анандай жерге төрт аяғынан тік тұра қалды.

— Ау! Ау! Мұрныңа менің асымның иісі келді ме? Берермін мен саған. Көрдің бе табақшадан көз алмауын. Қазір мен сені... — деп Шарик тағы да шәуілдеді. Ақырында ойыншықтың қозғалмасын білген соң Шарик оның дәл желкесінен тістеді де, үй сыртындағы су төгетін шұқырға апарып тастап жіберді.

— Ау! Ау! Қайтып келсең, одан да алысқа апарып тастаймын! — деп Шарик енді асын асықпай ішуді ойлап, үйге қарай домалана жүгірді.

Ол қайтып келгенде бағанағы ас құйылған аяқты босатып, ернеуін жалап жатқан үлкен ала төбетті көрді. Шарик енді не істерін білмей қорыққанынан құйрығын бұландатып, құлағын жымыйтып ала төбетке жақындай алмай, анандай жерде тұрып қалды. Ала төбет Шарикке қараған да жоқ, табақшаны жалап-жұқтап болысымен ақырын басып кете берді. Қызғанғаны ала төбетке жем болған қанден дыбысын шығара алмастан қала берді.

М. Дүйсенов.





## ҮШІНШІ КЛАСС МҰҒАЛИМАСЫ

Очерк



Соңғы қоңырау соғылды. Ұзын коридорға әр клас-тан жүгіріп шыққан балалардың айғай-шуы естілді. Үш-төрт бала кітап салған сумкаларын жоғары кө-тере, әйнекті кең есікке қарай ығысады. Мектептегі көңілді минуттардың бірі бұл. Күні бойы сабақта мұқият отырған балалар үйлеріне қайтуға асықса, ересектер бір шетке топтала қалып, сабақтың қалай өткені, бүгін болатын кино туралы сөз етеді.

Кластан соң шыққан Лидия Ивановнаға мұндай көрініс үйреншікті еді. Қазір ғана емес, сонау екін-ші этаждан бірін-бірі қуып, тасырлап жүгірген ба-лалардың күлкісі мен сөздерін күнде естиді, күнде көреді. Неге екені белгісіз, сабақтың соңғы мину-тында осылай болуға тиісті деп қарайтын ол. Сон-дықтан ба, төңірекке көп зер салмай класс журна-лының бетіне жүре көз жүгіртіп мұғалімдер бөлме-сіне кірді. Бір оқушының үй адресін іздеген жайы бар. Екінші күн болды — Люса Иосилеевич сабаққа келген жоқ. Қішкене тұлымын жеңіл сілкіп, қасын-дағы балалардың оқыс ісіне бажырая, соңынан сы-қылықтап күлетін қыз өз орнында болмады. Оған не болды екен? Неге келмеді мектепке? Осындай бір ой сабақ үстінде де толқытқан-ды мұғалиманы.

Ертең, мектепке келер алдында Люсяның үйіне бармақшы болып, адресін жазып қайтуға жыйна-лып жатқанда, қатты қағылған есік серпе ашылды. «Кіріңіз! — деп айтуға да үлгірген жоқ, үстінде те-легрейкасы бар, жұмсақ түбіт шәлі жамылған әйел еңтіге кірді. Есік тасасында сығалап тұрған баланы еркіне қоймай: «осылай тұр» — деп ортаға итерме-леп бір сілкіді.

— Кеше жұмыстан қайтқаным сол еді, Лидия Ивановна. Толя сылбыр, көңілсіз отыр. «Тамақ іш-тің бе?», «Бір жерін ауырып отыр ма?» деп сұрай-мын. Үндемейді. Күнделігін қарасам, орыс тілінің жазбасынан «екілік» алыпты. Көрдіңіз бе, мен тү-сінбеймін. Дәмді тағамды алдына тосып, жылтыра-ғанды үстіне жапсырамыз. Енді оған не керек? Тіп-ті мыйым жетпейді. Міне бүгін әдейі келдім сізге! — деп ашулы жүзбен орындыққа отыра кетті.

Лидия Ивановна Толяның анасы Пестрецованы жақсы білетін. «Бірлік» артелінде жұмыс істейді. Жүріс-тұрысы шапшаң, сөзге құмарлылығы бар бұл әйелдің бір емес, талай рет келгені бар-ды мектеп-ке. Класс өміріне жиі араласып, кейбір оқушының үй тазалығын біліп келуге ықылас білдірген. Әрине, класында қырық оқушысы бар мұғалимаға бұл бір жағынан көмек боса, екіншіден бала тәрбиесі жө-нінде әрбір ананың ойын білу де қажет еді.

Лидия Ивановна өз көмегін ұсынған анаға қарсы болған жоқ. Тхактың үйіне барып, Александрдың

сабақты селкөс оқыйтынын, кейде тазалық сақтамай келуінің себебін білуді сұраған. Алғашқыда еңтіге келген Пестрецова осы жай туралы айта ма деп үміт күткен еді мұғалима. Байқаса, өз баласы тура-лы екен. Тәжірибелі оқытушыға Толяның орыс тілі-нен «екілік» алу сыры анасынан гөрі мәлім. Оны қазір бала алдында айту қыйсынсыз. Ол өз сөзіне жауап күткен Пестрецоваға қарамастан Толяға:

— Сен «екілігіңді» жоясың ғой, солай емес пе? — деді.

Жұмсақ малақайын уқалап, тықыршып үнсіз тұр-ған Толя:

— Шамам келгенше, — деді мұрнын бір тартып. Баласының сөзіне қанағаттанбады ма, Пестрецова-ның өзі араласты.

— Шамам келгенше деген сөзің не? Сен мұға-ліміңнің алдында тура айт: енді менде ешқандай «екілік» болмайды деп. Түсіндің бе?

— Айттым ғой, мама, — деді Толя Лидия Ивано-внаға жалтақ қарап.

— Ол — әдепті оқушы. Нашар бағасын түзейді. Солай емес пе?

— Ия! — деп Толя осы талқыдан құтылғысы кел-гендей көтеріңкі үнмен жауап қатты.

Толя кеткеннен кейін Лидия Ивановна қарсы алдында булығып отырған анаға бір сәт қарап, сө-зін жалғастырды:

— Балаңыз жақсы оқый алады. Байқауымша, оның өзіндік ісіне ырық бермейтін сыяқтысыз. Тым әлпештеп жібергенсіз. — Мұғалима сөзін аңғара ал-май қалған Пестрецова:

— Қалайша, Лидия Ивановна? Күткен, баққаны-мыз осы бала. Сабағына әзірленсін деп орынды да жасап бердім. Орыс тілі жазбасынан нашар алға-нына таңым бар. Күні бойы міз қақпай-ақ отырады.

— Міне, бұл тіпті нашар, — деді Лидия Ивановна сұраулы жүзбен қарап. — «Сабақты дайындамаң, ешқайда бармайсың» деп күні бой сарғайтып отыр-ғызып қою дұрыс емес. Бір мезгіл көңіл көтеріп, демалғаны жөн баланың...

— Кемпір мен екеуміздің ортамыздағы жалғыз ұл, — деді Пестрецова өзін ақтағысы келгендей, — тысқа шықса, суық тиетіндей көрінеді. Жөтеліп қалса, аузына су тосып, түн ұйқымызды бөлеміз. Қайтесіз, әдет қой анаға тән.

Шынында, баласын аялап өсірген ана да, білім беріп жүрген оқытушысы да әрбір жас ұрпақтың денсаулығы жақсы, еңбек сүйгіш, білімді болып өсуін тілейді. Елі сүйген азамат болып өссе, оқытушы қуанышында шек бола ма?!

Ал Толя анасына иек артып, еңбексіз, бос өсіп ке-

леді. Кітап, сия сауыт қоятын орынды да біреу жа-сап береді оған. Мүз айдынына барса, тымау тиіп, нәзік сезінеді. Егерде жүн матадан тігілген әдемі шалбар әпермесе, «ертең екілік алам» деп қорқы-тады мамасын. Қант салған тоқаш та дәмсіз Толя-ға. Кейде жұпыны киінген қасындағы балаға «шал-барымның қырын сындырдың» деп мұрнын шүйіре қарайды.

Мұндай әлпештеудің он бір жасар балаға қанша-лықты зияндылығын Лидия Ивановна бір емес, бірнеше рет айтқан-ды Пестрецоваға. Бірақ ол мұғалима кеңесін сырт тастап, өз сөзін құптап отыр. Өз баласының «Ақсаусақ» болып өсіп келе жатқанын аңғармағандай.

Осы жайлардың бәрін Пестрецоваға тағы да ай-тып, дәлелдеу тым артық еді. Лидия Ивановна «екі-лік» алған балаға ғана емес, еркелеткен анаға да дұрыс бағыт берудің жолын ойлады. Егерде түсін-діре алса, ықлас көрсетіп жүрген ананың көмегі көп болмақ. Ол дәл қарсы алдында шәлісінің ұшын уқалап отырған Пестрецоваға:

— Толя «екілігін» түзейді. Қабілетті бала,— деді. Алдағы сембіде сабақ соңында тәрбие сағаты бола-ды. «Еңбекті сүй» деген тақырыпта әңгіме өткізбек-піз. Мүмкіндігіңіз болса қатысқаныңыз дұрыс бо-лар.

— Сөзсіз келем,— деді Пестрецова аса бір ілти-патпен.

Толя мамасын коридорда күтіп тұрған болу керек:

— «Екілігінді» жойсаң, саған жібек көйлек әпе-рем,— деген таныс дауысты естіді Лидия Ивановна.

Бір сәттен соң тықылдаған аяқ дыбысы да естіл-меді. Мектеп ішін кең тыныштық басты. Мұғалима тысқа шыққанда үй сыпырушы әйелден басқа еш-кім де қалмапты.

Ертеңіне күн ашық болды. Тек ызғарлы жел бар. Бірақ көше бойы ойдым-ойдым болып еріп жатыр. Иосилесвичтің үйі қала шетінде еді. Лидия Иванов-на қатқақпен қақпа алдына жеткенде:

— Кіріңіз, шәкірттеріңіз де осында,— деп бетін әжім басқан қарғаң әйел бүкшендей келіп, есік аш-ты. Ішке кіргенде байқады. Люсяның жанында от-ряд советінің председателі Людмила Фонштейн мен Пак Слава отыр екен. Өткен жолы қандай сабақ болғаны туралы әңгімелесіп жатқан жайы бар. Лю-сяның парталас құрбылары оның науқастанғанын біліп келген көрінеді. Өз мұғалимасын көргенде Люся қуанышпен басын көтеріп алып еді. Лидия Иванов-на көрпесін қымтап:

— Жата бер! — деді мейірімді жүзбен. — Қазір басың ауыра ма?

— Аздап қана! — деді Люся жіңішке саусақтары-мен ұйпалақталған тұлымын қайырып. — Суық тиген дейді дәрігер. Сембіде мектепке баруға рұқсат береді.

— Әбден жазылған соң кел, мақұл ма?

— Жаксы,— деді Люся күбірлей сөйлеп.

Иосилесвичтің үйінен шыққаннан кейін бұлар біраз үнсіз жүрді. Әрдайым үлкен кісіше байыпты, ақылды сөйлейтін Слава:

— Мен шығарма жаздым. Қалай ойлайсың, Лю-дя, бұл еңбекке жата ма?

Фонштейн Славаның жүзіне жымия қарап:

— Не туралы жаздың? — деді.

— Жай әншейін, өзіміздің класс туралы. Әжібе-ков Рыспайдың нашар оқытыны, Александр Тхак-тың күтінбей былғаныш жүретіні, Толяның кербез-дігі, тағы сол сыяқтылар.

— Жазушы болғың келе ме сенің?

— Неге олай ойлайсың?

— Жай айтқаным ғой,— дейді Людмила кіші до-сының ойлы жүзіне тамашалай қарап. — Егерде жақсы жазсаң — ол да еңбек. Толялар өз кемістігін білсін.

Соңында, асықпай келе жатқан шәкірттерінің сө-зін анық есітпесе де, Лидия Ивановна тіс жарып, бөлген жоқ сөздерін. Алдағы еңбек туралы болатын әңгіме әрбір балаға ой салған тәрізді. Славалардың сөзі де сол жайында. Өз құрбыларының кемшілік-терін бұлар да көріп білген.

Мектеп жанына келгенде:

— Лидия Ивановна, ертеңгі болатын әңгімеге өзіміздің жасаған заттарымызды әкелсек қайтеді? — деді Людмила.

— Әрине, болады.

— Онда мен барлық балаларға хабарлайын.

... Бұл күні де сабақ әдеттегісінше өтті. Балалар арифметикадан есеп шығарып, орыс тілінен жатты-ғулар жазды. Жаттаған өлеңдерін «олай емес, бы-лай айту керек» деп бірінің аузынан бірі қағып алып, таласа айтып жатты. Жаңа сабақтың әрбір са-ғаты осында отырған үшінші кластықтарға бұрын өздері білмеген жайларды аша түскендей. Бірақ, бұл күні де және екінші күні болған сабақтарда То-ля бұртыйып, өз орнында тек отырды. Әуелі, сембі күні болған соңғы сабақта:

— Шалбарыма қол тигізбе, былғап қоясың! — деп қатар отырған құрбысымен реңжісіп те қалды. Класс ішінде күлкі туғызғаны болмаса, ешкім де Толяны қостай қойған жоқ.

Тәрбие сағаты басталғанда Толя жібек көйлегінің жағасын көтеріп қойып, мамасының жанында маң-ғаз отырды. Лидия Ивановна класқа көз жүгіртті де:

— Митя Малеев туралы жазылған кітапты оқы-дыңдар ма? — деді.

— Оқыдық! — деп әр жерден шулап қол көтер-ген дауыстар естілді.

— Кәне, кім айтады, жақсы оқушы болу үшін не істеу керек екен?



— Мен есепті көшірмей өзім шығарамын,— деді орнынан ұшып тұрған Олег Халиков.

— Дұрыс,— деді Лидия Ивановна,— тағы кім айтады?

— Мен жолдастарымның алдында әділ, шыншыл болғым келеді,— деді Слава.

— Бізге көбірек сенім көрсеткенді жақсы көрем,— деді Людя.

Наукастан ба, реңі сарғыш тартқан Люся істік мұрнының ұшын бір сыйпап:

— Мен әр уақытта көңілді болғым келеді,— деді.

— Бұл да оқушыға тән, жақсы қасиет,— деді мұғалима бұрышта отырған балаға көз тастап.

— Ал, Толя сен айтшы!

Пестрецов орнынан ауыр көтеріліп, қасында отырған мамасына бір қарап:

— Мен әдемі киім киюді сүйемін,— деді.

— «Аксаусақ» болғым келеді десенші,— деп еді біреуі.

— Жоқ, жақсы киінуге болады ғой. Бірақ ол ештеңеге қыйналмай, дайын емізік емуді жақсы көреді,— деп екінші баланың айтқаны сол еді, бүкіл класс жапырыла күлді. Толя күрт түсіп, отыра кетті. Өз баласының көптен қалып, бос өскеніне ренжігендей шешесі Толяға тосырқай қарап, күйініп отыр. Қластағылар мұғаліміне өздері жасаған орындықтарын, кестелерін көрсетіп жатқанда, Толя орнынан қозғалмады. Соңында Слава кластағы еңбек сүйемейтіндер туралы өзінің жазғанын оқып берді. Онда «ананы жасап бер, мынаны тігіп бер» деп мамасының етегінен жармасатын еріншек Толя туралы да айтылды.

Тәрбие сағаты соңында шарт түсіп, тымырық отырған Пестрецова Толяны жетектей кластан бәрінен бұрын шықты.

Кешегі тәрбие сағатында Толя туралы айтылған әділ сын Пестрецоваға қандай әсер қалдырғанын біле алмады Лидия Ивановна. Жалғыз ол емес, басқа оқушылардың да аналары қатысты сабаққа. Шарт мінез, бірақ көп сөйлей қоймайтын Баранова да:

— Көп рахмет сізге. Мына шәкірттеріңіздің сөзі, бәрінен бұрын, қамшыдай тиді ғой. Вованы емес, мені сынап жатқандай көрінді. Сеніңіз, Вова да жақсы оқыйтын болады,— деп мұғалимаға бас шұғып, ризалық білдірген.

Бірақ сөйлеуге жаны құмар Пестрецова неге үнсіз кетті? Әлде кенжелеп қалған баласы алдында сөйлеуді намыс көрді ме?

Демалыс күні тығыз-таяң шаруасы болса да, Лидия Ивановна Пестрецованың үй жағына бір соқпақ болды. Келсе, Толя есік алдының қарын күреп жүр. Жұпыны, жеңіл киінген. Қалтаға қол салып тұрар еріншек түрі жоқ. Іске құлшына кірісіпті.

— Түсінікті,— деді Лидия Ивановна сәл езу тартып. Ол Толяның ісін бөлмей кері қайтты. Осы кезде:

— Жолдас Мормуль, Лидия Ивановна!— деген жайдарлы дауыс естілді. Бұрылып қарап еді. Пестрецова екен. Ол жүгірген бойы мұғалиманың қолын алып:

— Мен ертемен Тхактың үйінде болдым. Қайтқан бетім осы. Александрдың сабақты селқос оқыйтынын, күтінбей жүретінін айттым.— Ол бір сәт үндемей тұрды да,— өзім туралы да айттым.

— Өзім туралы дейсіз бе?— деді Лидия Ивановна таңданған пішінмен.

— Ия, баланы мен құсап әлпештеме, жастайынан еңбекке баулу керек дедім.

— Рахмет, көмегіңізге.

— Маған ба? Жоқ, Лидия Ивановна, алдымен осы жайды айтқан сізге, анау шәкірттеріңізге рахмет,— деді әдеттегі жайдарлы түрмен.

Үшінші кластықтарды оқыту, тәрбиелеу қыйын да, қызық та. Әрбір мұғалімнен қанша ерік күшін керек етеді десеніңші! Сөз жоқ, бала тәрбиесіне атананың да көмегі керек. Жас ұрпаққа өмірге жол көрсеткендей анаға да тәптештеп айтып, бағыт беруге тура келеді. Мұның бәрі мұғалімге жүктелген. Шынында адамды, жас совет азаматын тәрбиелеуден артық құрмет бар ма мұғалімге?!

Осындай ләзәтті ойға берілген Лидия Ивановна Пестрецованың үй жағынан аса көңілді қайтты. Дүйсембі күні болған орыс тілі сабағында бірінші болып қол көтерген Толя болды. Бір сәткі еңбек жүзіне өң бергендей, екі беті қызарып тұр. Тегінде ол сабаққа әрдайым осылай келуді ұйғарған тәрізді...

К.Тоқаев.

Октябрь революциясы атындағы орта мектеп. Жамбыл қаласы.

## КІТАП

Кетпейді ешбір жадымнан  
Мектепке бардык күз айы.  
Тастамай сені жанымнан  
Қолтықтап жүрдім ұдайы.

Достарға толы маңайым  
Татулық тәтті бәрінен.  
Ерекше сені санаймын,  
Құшақтап жүрмін әлі мен.


Тек мен емес басқаның  
Өзіңмен толды құшағы.

Бәрі де бейне жас ғалым,  
Ғалымға бәрі ұқсады.

Ойынпаз бала көздері  
Жолдарыңа жүгірді.  
Асылды сенен ізледі  
Аркалап ауыр жүгінді.

Нұр құйдың, кітап жаным  
Алға аттады қадамым.  
Қолтықтап бүгін тағы да  
Тың жерге кетіп барамын.

Тұманбай Молдағалиев.



*Ташкент  
республикаларда*

**С О В Е Т Т И К  
Т Ө Ж И К С Т А Н**



Қас-қабағы қырауытқан екі шаңғышы — Микола мен Қасым тауды қыялай есіп келеді. Ішін тарта соққан суық жел бүйірден еңіске үйіре түседі. Шаңғышы-шекарашылар тентек желдің бұл талкегіне көнер емес — өршелене алға ұмтылады. Беттерін аяз қарып күреңіткен бұл екеудің аузындағы әңгімесі де осы жорықта келе жатқан өлкесі.

— Осының өзі дүниенің төбесі деп бекер аталмаған-ау, — дейді, шаңғысын көсе түсіп Микола.

— Я, дүниедегі таудың биігі осы болған соң аталған ғой, — дейді Қасым, жолдасын қостап.

— Жоқ. Таудың биігі — Гималай. Дүниедегі ең биік шың — 8882 метр Эверест сонда. Ал, мынау осындағы Сталин атындағы шыңның биіктігі 7495 метр ғана.

— Микола-ау, сеніңше Сталин атындағы шың осындағы таудың ең биігі ме? Мұзтауатаны қайтпексің. Ол туралы жергілікті халық арасында көп аңыздар айтылады ғой.

— Ол қандай аңыздар? — деп ыңғайсызданды, екі жылдай мұны білмегендігіне өкініп Микола.

— Памирде қарлы тау көп. Солардың ішіндегі ең қары көбі сол Мұзтауата көрінеді. Оған шығуға дәмеленіп, революциядан бұрын, шетелдерден бірнеше рет альпинистер келген. Бірақ, солардың бәрі де қайтып

Жоғарғы суретте Сталинабадтағы көпшілік кітапханасы.

оралмаған. Мұзтауатаның басына шығудың мүмкін еместігін тек біздің спортшылар ғана анықтапты. Оның себебі: таудың айналасы өмір бойы толассыз боран. Жаз жоқ. Міне, соның биіктігін біліп көр сен!

Бұлар бірінші май күні шекара күзетінде тұрған сакшыға үйінің қуанышты хабарын жеткізуге келе жатқан Шығыс Памирдегі шекарашылар-ды...

Ал, тап осы бірінші май күні сол Памирдің батыс жағындағы облыс орталығы — Хорогтың халқы ыстыққа шыдай алмай, кеткен алма ағашының көлеңкесін саялаумен болды.

Май айында бір беті жаз, екінші беті қыс Памирден Советтік Тәжікстанның шығыс шеті басталады. Бұл республиканың жерінің көбі, үштен екісі — тау. Тәжікстанның шығысы — Қытай халық республикасының батыс провинциясы — Синьцзянмен, оң түстігі — Ауғанстанмен шектеседі.

Тәжікстанның айналасы таумен қоршалған жазық даласына жауын өте аз жауады. Мұнда әуе райы тым ыстық: мақта, күріш, жеміс, беде өсімдіктерін егуге өте қолайлы. Аспаннан жаумаған ылғалды жерге мұнда қолдан беруге зор мүмкіндік бар. Тәжікстанның түс-тұсындағы қар жамылған таулардан көбік шашқан асау өзендер ағады. Республиканың оңтүстігіндегі үлкен өзендер Вахш-Вахш ойпатын, Кафиринған-Гиссар ойпатын суландырады да, солтүстік-батысы

мен солтүстігіндегі Зерафшан, Сыр-Дария өзендері суландырады. Совет өкіметі жылдарында мұнда жалпы ұзындығы 10 мың километрге жуық жүздеген жаңа каналдар қазылды. Бұл баяғыдан бері құлазып жатқан тақыр даланы гүлдендіруге мүмкіндік берді.

Ауа райының ыстығы, суының молдығы тәжік шаруаларының өте бағалы дақыл — мақта кәсібімен шұғылдануына қолайлы жағдай туғызды. Жылма-жыл мақта шаруашылығын өркендету арқасында Тәжікстан Совет Одағындағы негізгі мақта базасының біріне айналды. Ол 1913 жылы 33 мың тонна ғана мақта өсірген болса, 1954 жылы 550 мың тонна мақта алу үшін күрес жүргізді. Мұнда мақта егісінің көлемі 1930 жылғыдан да екі есе артты. Қазір, көбінесе, мақтаның ең биязы талшықты советтік түрі егіледі.

Мақта шығымы жөнінен Тәжікстан бірнеше жылдан бері бүкіл Совет Одағында бірінші орынға ие болып келеді. Пролетарский ауданының Ленин атындағы колхозы 1953 жылы 2055 гектар мақта егісінің әр гектарынан 32 центнерден мақта алды. Республиканың атақты мақта шебері, Сталинабад ауданының Ленин атындағы колхозының бригадирі Гапар Ташиев 52 гектар жердің әр гектарынан 52 центнерден мақта жыйнады. Тәжікстанның колхоздарының барлығына жуығы экономикасы күшті, шаруашылығы күрделі артельдерге айналды. Мұнда тек миллионер колхоздардың саны ғана 220. Бұл республика мақта шеберлеріне, ауыл шаруашылығын жедел өркендетуші өзге де маңдай алды адамдарға бай. Ауыл шаруашылығының 254 озаты — Социалистік Еңбек Ері.

Тәжікстанның Октябрь революциясынан бұрын жөнді өнеркәсібі болмаған, тек аздаған ғана майдагерлік кәсіпорындары жұмыс істейтін. Оларда не бары 204 ғана жұмысшы болған. Совет өкіметі жылдарында республикада көптеген фабрикалар мен заводтар, шахталар мен рудниктер салынды. Мұнда, әсіресе, түсті және сирек кездесетін металдар шығару, мақтаны ұқсату, мата,


тәжік тәжік жәріне неғдегеміңе жәріж дамыған.

Тәжіктер ежелден жібек құртын өсірудің шебері болатын. Бірақ сол жібек құртынан алынған жібек суыртпақ революциядан бұрын ұқсату үшін сонау мыңдаған километр жердегі Милай фабрикаларына және де Италияның өзге қалаларына жіберілетін. Енді жібек Сталинабадта, жібек фабрикасында тоқылады. Мұнда мата тоқыйтын комбинат та бар.

Сталинабадтың заводтары мен фабрикалары машиналар, электр станцияларына керекті күрделі бөлшектер, киімдер, аяқ киімдер, тәжіктің түрлі түсті ұлт киімдерін, ыдыс-аяқтар, консервалар тағы басқаларын көптеп шығарады. Соныменен Тәжікстанда өнеркәсіп өнімі 1913 жылғыға қарағанда 633 есе өскен.

Октябрь революциясынан кейін ғана теңдікке қолы жеткен тәжік халқының мәдениеті совет өкіметі тұсында қарыштап өркендеді. Революциядан бұрын бұл республиканың жеріндегі бірнеше ғана мектептерде не бары 400 дей балалар оқытын-ды. Олардың өзі кілең байлардың балалары болатын.

Қазір республикада еңбекшілердің оқу правосын толық қамтамасыз етерліктей орта және жоғары оқу орындары ашылған. Мұндағы 2,5 мың бастауыш, орталау және орта мектептерде 300 мыңнан астам балалар оқыйды. Тәжікстанда 9 жоғары оқу орны жұмыс істейді. Республикадағы студенттер саны 22 мыңға жетті.



Тәжік ССРы Үкімет үйі.



Памирдегі қодас сыйыр.

Бұрынғы әмір билеген Бұхарада ғылыми мекеме дегендер атымен болған емес. Ескі заманда арасынан Рудаки, Фердауси, Авиценна, Носир Хисрау, Джами сыяқты дүние жүзіне даңқы жайылған, ұлама ғалымдар, жазушылар шыққан тәжік халқы әмірдің және патша чиновниктерінің үстемдігі кезінде кара түнек езде қасірет шекті. Революцияға шейін бұл елдің әр екі жүз адамының ішінен шала сауатты бір адам әрең кездесетін.

Бұл күндері Тәжікстанда мыңнан астам ғылыми қызметкерлерді біріктіретін 43 ғылыми-зерттеу мекемелері бар. Республикада Ғылыми Академиясы ұйымдасқан. Ғылымдар қатары да жылдан-жылға өсіп келеді. Мұнда ғылым докторларының саны 20 ға, ғылым кандидаттарының саны 260 қа жетті.

Октябрь революциясы арқасында тәжік халқының игілігіне ұлы орыс халқы мәдениетінің есігі кеңінен ашылды. Орыс совет әдебиетінен үйрене отырып тәжік ғалымы, жазушысы Садриддин Айни тәжік совет әдебиетінің негізін салды. Республикада бұл күндері өзінің ана тілінде көптеген көркем әдебиет кітаптары шығады, орыс классиктерінің, совет жазушыларының шығармаларын тәжік тіліне аудару ісі де кең өріс алған.

Тәжікстанда 78 газет, журнал шығады.

Совет өкіметінен бұрын мұнда бірде-бір театр, кино болмаған. Патшалық Россияның барлық халқын экономикалық және саяси езуден азат еткен Ұлы Октябрь тәжік халқының да өз мәдениеті мен искусствосын өркендетуіне зор мүмкіндіктер берді. Қазір республикада мемлекеттік 8 театр, 354 кинотеатр, 1365 мәдениет үйлері мен клубтар

бар. Жергілікті халықтың арасынан талантты артистер, музыкашылар, әншілер, бишілер, композиторлар, суретшілер өсіп шықты.

Тәжікстан театрларында совет драматургтерінің пьесалары қойылады, туысқан республикалардың және дүние жүзінің классикалық музыкалары орындалады. ССРО-ның халық артисі М. Қасымов — тәжік искусствосының мақтанышы.

Артта қалған аймақ Тәжікстанды Октябрь революциясынан бұрын көз ауруы, сүзек, безгек, котыр, шешек сыяқты жұқпалы аурулар жайлаған еді. Халықтың бар білетіні надан тәуіптер болатын. Олардың ауруға түк жәрдем көрсете алмайтыны былай тұрсын, қайта жұқпалы ауруды біреуден біреуге жұқтыратын.

Совет дәуірінде республикада көптеген ауруханалар, поликлиникалар, амбулаториялар, диспансерлер, әйелдер мен балалар консультациялары салынды. Бұл республиканың алыстағы таулы аудандарында ауырған адамдарға самолетпен ұшып барып көмек көрсетіледі. Республиканың таулы, өзенді жерлерінде көптеген санаторийлер мен демалыс үйлері бар. Бұларда еңбекшілер жақсы дем алады, тынығады, ден саулығын жақсартады.

Ескі Бұхар балалардың өлімі жөнінен дүние жүзінде бірінші орында болатын. Ал, қазіргі Тәжікстанда балалардың денсаулығын сақтау үшін барлық жағдай жасалады. Қалаларда, аудандарда, колхоздарда толып жатқан балалар яслиі, балалар бакшасы, балалар консультациясы, балалар санаторийі бар. Тәжікстан оқушылары жаз бойы пионер лагерлерінде дем алады, таулы аудандарда саяқатқа шығады. Осының бәрі балалардың дені сау, бақытты өсуіне мүмкіндік береді.

Коммунистік тәрбие арқасында тәжік халқы бұрынғысынан әлдеқайда есейіп өсе түсті. Олар үнемі жаңалық іздеу мен табыстантабысқа жетуге талпынады, табиғаттың бермесін алуға да батыл араласады. Тәжік еңбекшілері ерінбей-жалықпай жер баптайды, егін суарады, мақта өсіреді, мал бағады, жібек құртын асырайды, миуа жемістер өсіреді. Халқының ұйымшыл, берекелі еңбек етуі арқасында Тәжікстанның экономикасы нығайды, мәдениеті өркендеді. Тәжікстан Совет өкіметі жылдарында гүлденген, алдыңғы қатарлы одақтық республикаға айналды.

*М. Маликов.*

## БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ӨЛЕҢДЕР

## Тоқта, жолдас!

Тоқта, жолдас!  
 Бұзба көше тәртібін,  
 Өткізе алмай  
 Өміріңнің артығын  
 Жүрсің бе сен!  
 Қалай-қалай басасың?

Тоқта.  
 Байқа.  
 Ойла.  
 Каталасасың.  
 Ал, кеп қалды  
 Автобус пен трамвай!  
 Тоқта, жолдас.  
 Тұр былай!  
 Саспа босқа.  
 Қақтықпа да аптықпа!  
 Өз-өзіңе ойлайтының  
 Қастық па?

Неге сонша  
 Ентелейсің елеуреп,  
 Сыбағанды  
 Қоятындай біреу жеп.  
 Көше түзу.  
 Сен де түзу жүрсеңші,  
 Трамвайға  
 Жанжалсыз-ақ мінсеңші.  
 Жыртасың ғой  
 Жолдасыңның киімін,  
 Жұлқылама  
 Ауырттың ғой иығын.  
 Байқасаңшы.  
 Бастайсың да жанжалды,  
 Жыйнайсың ғой  
 «Берекесіз базарды».  
 Сен тұр ғой деп  
 Трамвай жолдан бұрылмас,  
 Трогуармен жүр  
 Аяғыңды дұрыс бас!  
 Тоқта, жолдас!  
 Бұзба көше тәртібін!  
 Өткізе алмай  
 Өміріңнің артығын  
 Жүрсің бе сен?  
 Ойла, болса ақылың.  
 Сақтасаңшы өміріңді,  
 Жарқыным!

1939

## Алатау

Алатау бұлт асырмай асқарынан,  
 Тұр қарап туған дала аспанынан,  
 Асылып Алатауға ай менен күн  
 Жарқылдап шұғыла шашқан тастарынан  
 Алға алып кең даласын — дастарқанын,  
 Алатау — ашқандай той — ақсақалым,  
 Жаңғыртып жер сарайын ән шырқаймыз,  
 Ту етіп туған халық жақсы атағын!  
 1948.

## Балалар — біздің болашақ!

Балалар — біздің болашақ!  
 Сүйсінеміз, сүйеміз.  
 Бұл болашақ тамаша-ақ!  
 Болашаққа иеміз.  
 Көтеріп жас сәбиді,  
 — Күлші, бөпе, күл, — дейміз,  
 Көңіл дария шалқыйды  
 Балалар мен гүлдейміз.  
 Алға кетіп барамыз,  
 Болашақты құшақтап,  
 Жыламайды баламыз,  
 Көзден жасы бұршақтап.  
 Жыламайды баламыз,  
 Жылатпаймыз еш уақыт,  
 Бәрі бізде қараңыз:  
 Өмір, өлең, күш, бақыт!  
 Алтын оты үміттің,  
 Көзіміздің қарасы;  
 Балапаны бүркіттің —  
 Біздің совет баласы,  
 Сонау Қорей көгінде  
 Жүр айналып қаракүс,  
 Құмартады ол өлімге,  
 Қызу майдан қан соғыс.  
 Өлген ана жанында

Еңбектейді жас бала,  
 Шашақ атқан шағында  
 Бұл не деген масқара?!  
 Трумэн, Маршалл, Макартур,  
 Эттли, Черчилль, Де Гольдер...—  
 Өңшең жауыз тасбауыр  
 Сәби етін жегендер.  
 Суарып қанмен даланы,  
 Өлім екпек болады,  
 Дүниеде барлық баланы,  
 Жетім етпек болады!  
 — Тарт қолыңды баладан!  
 Өңшең жауыз сұмырай!..—  
 Дем тұр бүгін әр адам,  
 Көкірегіне кек сыймай.  
 Ұлы Сталин өзі де,  
 Тұр көтеріп баланы,  
 Оның айтқан сөзіне  
 Дүние құлақ салады.  
 Жыламайды баламыз,  
 Жылатпаймыз еш уақыт!  
 Бәрі бізде қараңыз,  
 Өмір, өлең, күш, бақыт!

1951

## Есім бала

Сабағын оқып болып  
 Біздің Есім,—  
 Столға шақырады  
 Қарт әжесін,—  
 Қалдырмай әрбір әрпін  
 Әр нүктесін,—  
 Сайлаудың береді оқып  
 Ережесін.  
 Әжесі тыңдайды оны  
 Ынта салып,  
 Баласы оқығанға  
 Бұл қуанып,  
 Екеуі отырады  
 Күнде кеште,—  
 Бір кеңес жалғасады  
 Бір кеңеске.  
 — Әже, сіз қартайдыңыз,  
 Хат білмейсіз,—  
 «Сайлауға жұртпен бірге  
 Барам» дейсіз,  
 Ендеше тыңданышы!  
 Сіз де мені,—  
 Алыңыз біліп әбден  
 Ережені.  
 Егер де барсаңыз сіз  
 Білмей мұны,  
 «Япырмай, жалқау екен  
 Мұның ұлы»,—  
 Дем әркім сөгеді ғой  
 Мені сонда,—  
 Әжетай білмей барып  
 Күлкі болма!...—  
 Дейді ол.

Қарт әжесі  
 Күлімдейді,  
 «Құлыным, қарашығым,  
 Күнім» дейді.  
 Оқый бер, тоқый берем  
 Бәрін жатқа,—  
 Құлыным, қалдырмаспын,  
 Сені ұятқа.  
 Жұрт сені «Зерек бала»  
 Дем мақтайды,  
 Сен зерек болсаң, мен де  
 Жок еш қайғы.  
 Сайлаудың ұқтыр маған  
 Ережесін,—  
 «Есімнің әжесі де  
 Зерек» десін...  
 Оқыйды Есім бала  
 Гүл-гүл жайнап,—  
 Тыңдайды қарт әжесі  
 Сөзді абайлап.  
 Уақыттың өткенін де  
 Сезбейді еш,  
 Риза боп екеуіне  
 Кетеді кеш.  
 Осылай күнде кеште  
 Біздің Есім,—  
 Үйретіп келе жатыр  
 Қарт әжесін.  
 Жатады ақысы да  
 Дереву қайтып,—  
 Әжесі береді оған  
 Ертеқайтып.

1947.



«Қайырлы таң»  
Суретті салған Н. Жуков.

## Сурет салуды үйреніңдер

Балалар, әр өнердің өзінің ерекшелігі, өзінің сыры болады. Қай өнерге бой ұрса да, жас буын алдымен, сол ерекшелікті ұғып алуға тырысуы керек.

Сендердің суретшілік өнері оңай ғана игеріледі деп ұғуларың мүмкін. Жоқ, олай емес. Кейбіреулер қолға қарындаш алып, қағаз бетін сыза бастағанда-ақ суретшілік басталды деп ойлайды. Ол дұрыс емес. Суретші боламын деген талапкер еңалдымен өзі салмақшы болған суретінің материалын жақсы зерттеуге тиіс. Жақсы зерттей білмеген өнер жалған боп шығады.

Біз әрдайым тамаша табиғат дүниесінің қоршауында боламыз. Айналамыздың бәрінде нешеалуан қызықтар болып жатады. Табиғат құбылысы, өсімдік, тау-тас — міне, осының бәрі сурет тақырыптары болады. Суретшіге бәрінен де бұрын көре, бағдарлай білу қажет. Егер көзге іліккен өзгешелікті дәл бағдарлай білсең, соны суретке айнал-

дыруға болады. Бұл үшін көзге ерекше түскен заттың тура өзінің суретін салып үйрену керек.

Заттың өзінің суретін саларда неден бастау керек? Бұл үшін сол заттың ең негізгі бөлегін алып, біртіндеп кіші бөлшектеріне жетуге тырыс. Мысалы: үй салу үшін алдымен оның ірге тасын калайды, содан кейін қабырғасын көтереді, осылардан кейін ғана есік, терезесі сыяқты жеке бөлшектері жасалады. Сурет те осы сыяқты. Мысалы, теректің суретін салу үшін оның жапырағынан бастасақ, түк те шықпай қалады. Дұрысында еңалдымен теректің биіктігін және оның жуандығын мөлшерлеп алып, сонан теректің жалпы тұрқын бейнелегеннен кейін ғана жеке бұтақтары мен жапырақтарына көшуге болады. Әйтеуір жеке бөлшектерге көп шүйіліп негізгі өзекті естен шығарып алмаңдар. Мысалы: инелікті ағаштарды суреттеу үшін еңалдымен соның инелікті түрін ғана көрсетсе болғаны. Ал қайыңды суреттеу үшін оның өрім жапырағының түрін көрсеткен жақсы.

Заттың суретін өзіне қарап салғанда, суретші оның өзінің үлкендігі шамасынан екі еседей алысырақ отыруы керек. Мұның себебі суретші затқа жақын отырса, оның ұсақ-түйегіне көбірек көңіл бөле береді. Ал, алысырақ отырса, ондай елеусіз нәрселер байқалмайды да, көңіл негізгі керектілерге бөлінеді.

Заттың суретін өзіне қарап салуға жаттыққаннан кейін оны жатқа салуға көшуге болады. Ол үшін тік бұрышты немесе текше оңай салынатын затты алдына қойып әбден қарап ал. Міне осыдан кейін ол затты басқа жаққа алып қой да, суретін ойша көз алдына келтіріп көр. Осыдан кейін барып қолыңа қарындашыңды алып, суретін сала баста. Заттың суретін өзіне қарап салуға дағдыланғаннан кейін, суретші осы жолмен суретті ойша салуға көшеді.

Қанша дегенмен, сурет бірден оңайға түсе қалатын өнер емес. Оны үйрену үшін талай қағаздың беті шыймайланады, талай рет талапкер ренжиді. Тіпті торығып та қалатын уақыттары аз болмайды. Бірақ қай өнерге талпынса да, талаптанушы адам ерінбей, соны игеруге тырыса беру керек. Бір есте сақтайтын нәрсе: әр салынған суреттің ішіндегі жақсы шыққан сызықтарды, нүктелерді есте түйіп қалу керек. Екінші рет бастағанда сол алғашқы жақсы шыққан сызық, нүктелерді пайдаланған жақсы.



Жас суретшілердің бір кемшілігі — оларда асығыстық көп болады. Сондықтан олардың қарындашының ұшы дәл сызықтар жасаудың орнына түртпектеп, әр жерді бір шұқып өте шығады. Әрине, мұндайда жалпақ сызықты да, нәзік, көмескі сызықтарды да айыру қиын. Бұл жағдайда тура қарындашты асыға жортақтатуды қоя тұрып, әбден сабырмен ойлап алу керек. Алдымен неден бастау керектігін, қай жерге қандай сызықты келтірудің, қай шамада қарындашты қатты басудың қажетін әбден анықтап алған соң барып суретті салуға кіріскен жақсы. Қолдан келгенінше өшіргішке жолай бермеген дұрыс. Суретші суретін салмақ болған затына бір қарап алады да, қайсы кезде шұқшылып қағазына үңілген қалпында бірнеше сағат отырып қалады. Бұл — дұрыс емес. Суретші әр сызықты жүргізген сайын затына қайталап қарауға тиіс. Қолы қиымылдаған сайын оның дұрыстығын заттың бейнесімен салыстырып отырса ғана дәл шығады.

Сурет өнеріне талпынушы жастардың есінде болатын тағы бір қажетті нәрсе — зат қанша қашықтаса, оның тұрпаты сонша кішірейіп көрінеді. Мысалы, алыста тұрған бірнеше қабат зәулім үй жақында тұрған бір қабат үйден кіші болып көрінуі мүмкін. Телеграф бағаналары, қатар өскен теректер — міне, тағы осы сыяқты біркелкі нәрселер алыстаған сайын, бір қалыптылығын жоймастан, кішірейе беретін сыяқты болып көрінеді. Тіпті мысалы, темір жолдың қатар рельстері аулақтаған сайын қосылып кеткен сыяқты болады. Мұның үстіне ол көріністі аспан түрі де көмескілей түседі. Міне табиғаттың осы сыяқты өзгешеліктерін сурет салушы жадында ұстауға тиіс.

Суретші боламын деуші жас, біріншіден, көрегендікке дағдылануға міндетті. Ол үшін әр затқа үңіле қарап, әбден көріп алғаннан кейін, соны көзді жұмып жадында сақтауға әдеттенуге тиіс. Мысалы өмірде көп кездесетін автомобильдің, трактордың, теректің, аттың суреттерін есте сақтап үйренуге бола-



Суреттің алыстан көрінуі.

ды. Осыларды ойша салып, содан кейін өздерімен салыстырсаң, қатеңді тез көресің.

Заттың суретін өзіне қарап салуды күн сайын қайталау керек. Мұнда, біріншіден, суретшіліктің оңай кәсіп емес екенін ұғынсаң, екіншіден, оның жемісті, игі еңбек екеніне қуанасың. Суретшіліктің осы қарапайым түрлеріне жаттыға келе белгілі тақырыптарға көшуге болады. Мысалы, сабақ дайындап отырған шәкірт, төл күткен бала, жорықтағы шаңғышы деген сыяқты. Әрине, бұл — қолы жаттыққан суретшінің еншісі.

Сурет айқын, көз тартатын болу үшін қандай қарындашты, қандай бояуды қолдануды үйрену керек? Мысал үшін мақпал қара, ұяң шашты қыздың суретін салу үшін жұмсақ қара қарындашты, немесе көмірді қолдансаң, ол суретті шешеді. Қара шашқа қара бояу дәл келеді. Ал, жібектей жұмсақ сары шашты қыздың суретін салғанда қатты, қорғасын қарындашты қолданған қолайлы.

Сурет өнерін үйренуге талпынушылар орыстың белгілі суретшілері Репиннің, Серовтың, Крамскойдың, Левитанның, Саврасовтың шығармаларымен танысуы керек. Солардан үйрену арқылы ғана суретшілік өнерін игеруге болады.


**Н. Лебедев.**

Суретші.

## ЖЫЛАУЫҚ ЖАНАТ

Жанат тіпті жылауық,  
«Қой»,— десең де жылайды.  
Жұбанса ойнап бірауық,  
Жоқ нәрсені сұрайды.  
Бермесең тауып кезінде,  
Ойыншығын сындырар.  
Қызыл-орда қаласы.

Жас мөлтілдеп көзінде,  
Бұрышқа барып бұртыяр.  
Мұнысын көріп ағасы,  
«Жылауық» — деп күлмей ме  
— Өзіндей Гүлді қарашы  
Ойнап, тыныш жүрмей ме?  
**Нұрхан Жанаев.**



# Достық

Сиеда Сайдайн.

Әңгіме

Бұл әңгіменің авторы — тоғыз жасар индия қызы Сиеда Сайдайн. Әңгіме прогресшіл жазушы Шанкара атындағы конкурста бірінші сыйлық алған. Ол «Бейбітшілікті қорғау» атты индия журналында басылды.

Өткен жылы біздің үй Делиге көшіп келді. Алғашқы кезде мен жалғызсырап жүрдім. Бірге ойнайтын балалар да болмады.

Бір күні әкем маған:

— Қандай жалқаусың сен! Неге ылғый үйде отыра бересің? Көшеге неге шыкпайсың? — деді.

Сонда да мен далаға неге шыкпай жүргенімді әкеме айтқам жоқ. Бірақ сіздерге ол туралы айтуға болады.

Көшіп келгеннен кейінгі күндердің өзінде-ақ менің өзім қатарлы жас қыздармен ойнағым келді, бірақ олар маған назар да аудармады. Бір күні көршінің қызы мені үйіне шақырып алды. Кешікпей-ақ оның достары жыйнала бастады. Ойламаған жерден солардың біреуі менен:

— Сен қай кастыдансың? — деп сұрады.

Мен білмеймін деп жауап бердім. Бұл жөнінде мен үйге барған соң әкемнен сұрап ем, ол:

<sup>1</sup> Индияда осы күнге дейін халықты кастыға — бірімен бірі сирек қатнас жасайтын томаға-тұйық адамдар тобына бөлу сыяқты ескі әдет бар.

— Біз кастыға бөлуге сенбейміз, — деп жауап берді.

Келесі күні көшеге шыққан соң, қыздар мені тағы да қоршап алып:

— Сен кімсің? Қай кастыдансың? — деп сұрады.

— Мен кастыға бөлуді мойындамаймын, — дедім мен.

Сол кезде екінші бір қыз ашулы кейпін көрсете, дауысын көтерді:

— Сен мұсылманбысың, әлде индуспысың?

Мен мұсылман екенімді айттым. Қыздар мені тастап кетіп қалды. Оған мен қатты ренжідім. Ертеңіне мен далаға шыққам жоқ.

— Мұсылмансың деп менімен ешкімнің де ойнағысы келмейді, — дедім әкеме.

Әкем сәл жымыйды да:

— Ештеме етпейді. Әзірше кішкентай сіңіліңмен ойнай тұр, кейін дос тауып аласың, — деді.

Бір күні кеште бәріміз үйде отыр едік, кенет қоңырау қағылды. Мен есік ашуға жүгірдім. Ұзын бойлы сақалды адам үйге кірді. Оның қасында әйелі, мен шамалас қызы бар. Оларды көрген соң мен басқа бөлмеге шығып кетіп ем, әкем қайта шақырып алды.

— Мынау сенің жаңа жолдасың болады,— деді ол.— Оған қуыршақтарыңды көрсет.


Әлгі қыз маған ілесті. Екеуміздің ойынымыз өте көңілді болды.

Қонақтар кеткен соң, мен әкемнен:

— Олар не үшін келді бізге? — деп сұрадым.

— Тамаңа адамдар ғой олар,— деп жауап берді әкем.— Көрші қыздардың бәрі сенімен ойнаудан қашқан соң, қызын әдейі ертіп әкеліпті саған.

Содан бастап әлгі қыз екеуміз дос боп кеттік. Кешікпей-ақ басқа қыздар да бізбен ойнайтын болды. Қазір біздер — тамаша достармыз.



## Күн, ай және әтеш

Малайя ертегісі



Бұл — өте ертеде болған уақиға. Одан бері қанша жыл өткенін есептеу де қыйын.

Күн, ай және әтеш үшеуі ол кезде аспанда, бұлт ішінде бірге тұрыпты. Олар ағайынды адамдардай өзара тату-тәтті, достықта өмір сүріпті.

Олардың ішіндегі ең үлкені — күн екен. Ай да, әтеш те оны құрмет тұтып, сыйлайтын бопты.

Бір күні күн аспанды аралауға шығыпты. Ай мен әтеш үйде қалыпты. Олар үйде ұзақ отырыпты. Бір аздан кейін іштері пысыпты.

Айналасына қарап жүріп айдың телец жұлдызына көзі түсіпті. Содан кейін ол әтешке телецті алып кел деп бұйырады.

Бірақ әтеш оған бармапты.

Ай оған қатты ашуланыпты. Әтешті айдарынан ұстап төмен қарай лақтырып жіберіпті. Әтеш жерге кеп түсіпті.



Бір күні менің өзін ақылды санайтын апайым:

— Снеда, сенің досың қанша? — деп сұрады менен.

— Өте көп,— дедім мен.

— Кімдер — олар?

— Олар кішкентай индус, мұсылман, Сикхи<sup>1</sup> қыздары. Қазір біздің өзіміздің кішкене клубымыз бар. Біз оны «Бақытты адамдардың клубы» деп атадық.

— Жер бетінде халық көп қой,— деді апай.— Егер олардың бәрі сендердей дос бола берсе, бүкіл дүние жүзінде «Бақытты адамдар клубы» біреу-ақ болар еді ғой. Сен қалай ойлайсың, солай болуы мүмкін бе?

— Мүмкін ғой деп ойлаймын,— дедім мен.

Күн қайтып келген соң, ай оған өзі жоқта не болғанын айтыпты.

Күн қатты жабырқапты да, айға:

— Сенің ешкіммен тату-тәтті тұрғың келмейді. Өзің білесің! Енді мен де сенімен аспанда бірге тұрмайтын боламын. Бұдан былай сен кешке қарай шығатын бол. Күндіз мен ғана тұрамын,— депті. Ай қатты қайғырып, жылап жіберіпті.

— Бәрі бір әтеш мені ұмытпайды,— депті күн.— Мен оны жақсы білемін. Мен де оны бұрынғыдай жақсы көремін.

Содан бері таңертең, күн шығар алдында, әтеш өзінің үлкен ағасын көргеніне қуанып, әнге басады екен.

— Индриинилай цохки э-э! — деп әндетеді әтеш.

Ол «Мынаған, менің үлкен ағама қараңдар» — деген сөз екен.

Ал, кешке қарай күн батып ай туар алдында әтеш өзін өкпелеткен айға қарамауға тырысып, күркесіне қарай қашады.

<sup>1</sup> Әртүрлі дінге сенушілер.

# ✓ Кітап қалай басылады

Қолжазба баспаханаға әкелінді. Кітап басып шығару жұмысы ең алдымен осы қолжазбаны металл әріптерімен теруден басталады.

Теру цехында әріп теретін машиналар тұр. Бұлардың әрқайсысына таңбаланып «Завод линотип» деп жазылған. Машинаның линотип деген аты «Линса» (сызық, жол) деген латын сөзі мен «Типос» (таңба, әріп) деген грек сөзінен алынған.

Әдеттегі жазу машинаны бәрің де көрген шығарсындар, онда әріп таңбасы түсірілген дөңгелекшелер бар. Бұларды жеке-жеке «клавиш» дейді де, бәрің қоса алғанда «клавиатура» деп атайды.

Линотипте де осындай клавиатура болады. Әріп теруші оның клавиштерін саусағымен тез-тез басады. Клавиш басылған сайын машинаның үстіңгі бөлегіне орналасқан жабық магазин-жәшіктің өзегінен пластинка шығады. Оны «матрица» деп атайды. Матрицаның жұқа қырына ойық түсірілген. Ол — әріптің немесе белгінің таңбасы.

Матрицалар жыйнағыштың имек өзегімен бірінен соң бірі жылжып, қозғалып тұрған белдік-транспорттерге жетеді. Ал транспорттер оларды верстатка деп аталатын бөлшекке әкеледі. Бұл бөлшекке қажетті болған жағдайда бөлек тұрған құтыдан сыналар келіп түседі. Сыналар бір сөзді екінші сөзден бөліп тұрады.



Әріп теру машинасы — «Линотип»

Верстаткада осылайша матрицалар мен сыналардан тұтас жол құралады. Енді осы жол келіп жабық құю аппаратына түседі де, бір аз көрінбей кетеді. Верстатка қайтадан өз орнына келгенде, әріп теруші клавиатурадағы жұмысын оған әрі жүргізе береді. Осы кезде машинаның ішінде бейне бір құю мастерскойы сыяқты механизмдер өзіннен-өзі жұмыс істеп жатады. Яғни, жаңағы әріп таңбаларынан тұтас металл жол құйылып шығады.

Барлық құю өндірістеріндегі сыяқты әріп теретін машинада да жолды құйып шығару үшін қалып пайдаланылады. Верстаткада жыйналған матрицалар мен сыналардан құрастырылған жол қалыптың табаны болады. Балқыған металл қалып қабырғаларының біріндегі тесіктен құйылады.


Линотиптың сол жағында балқыған металлға толы қазаншасы болады. Балқыған (сұйық) металл қалыпқа насоспен құйылады. Дәл осы арада салқындатқыш механизм де орналасқан. Ол да өздігінен жұмыс істейді. Мұның нәтижесінде құйылған жол қалыптан ысырылып шыққанда, әлі де ыстық болғанмен қатып та үлгіреді.

Жол құю аяқталған соң, құю аппаратында қалған матрицалар мен сыналар таратылады. Екінші сөзбен айтсақ, арнаулы тұтқа матрицаларды магазиннің екінші ұясына апарып салады, мұнда әр матрица өз орнына келіп түседі. Бұл жұмысты өз белдігінен айналып тұратын ерекше ойықтары бар білік атқарады.

Әріп теретін линотип машинасы минутына 7 жолға дейін құйып шығарады.

Линотиптың әріп теруді қаншалықты тездететінін мына мысалдан көруге болады: теру нормасы таңба белгілерінің санына қарай белгіленеді. Егер ең маған теруші қолмен 8 сағат уақыттың ішінде 8 мыңға дейін таңба теретін болса, ол үздік линотипіст осы уақыттың ішінде машинамен 75 мыңнан аса таңба тере алады.

Линотиптың 4 магазині бар. Оның әрқайсысында әріптің белгілі бір түрі болады. Магазинге небәрі 1300 матрица сыяды. Әріп теру ісін тоқтаусыз жүргізуге бұл әбден жеткілікті, өйткені жол құйылғаннан кейін матрицалар өз



Кітап басатын машина.

орнына қайта барады да, келесі жолды теруге әзір тұрады.

Міне, теру аяқталды. Яғни, қолжазбадағы сөздердің, сөйлемдердің көшірмесі бедермен металлға жол-жолымен түсірілді.

Дайын жолдардан бағаналар құрастырылады. Оларды гранка дейді. Әр гранкада 70—80 жол болады. Бұл гранкалар таңба түсіру станогіне құйылады. Гранкаға қара сыр жағылады да, үстіне ақ қағаз бастырылады. Сонда барлық таңба қағазға түседі.

Алынған осы қағаз корректорлар бөлмесіне апарылады. Корректорлар оны қолжазбадағы түпнұсқамен салыстырып мұқият оқыйды. Корректор гранканың кең жерлеріне тапқан қателері жөнінде тиісті белгілер қояды. Гранкалар бұдан соң қайтадан линотиптің қолына тиеді. Ол қате шыққан жолдарды қайта құяды. Бұдан кейін қатесі бар жолдар гранкадан алып тасталады да, оның орнына қайта құйылған қатесіз жол салынады.

Сонымен текст қатеден арылып шығады. Енді гранкалар қолжазбаға сай реттеліп, жаңа процесс — бет құрау басталады.

Бірақ кітапта текстімен қатар суреттер де бар ғой. Сондықтан алдымен баспаханаға әкелінген суреттер мен түпнұсқа фотосуреттердің металл көшірмелері жасалады. Олар «клише» деп аталады.

Клише баспаханың екінші бір цехы — цинкографияда жасалады.

Мұнда көлденең және тік орналасқан әртүрлі мөлшердегі фото-аппараттар қойылған. Түпнұсқа фотосуреттер мен суреттер фото-аппараттардың қарсы алдына қойылып, фотосуреттеу жолымен олардың негативі түсіріп алынады. Әдетте, фотосурет түсіргенде

негативтің көшірмесі фото-қағазға түсіріледі. Ал цинкографияда қағаздың орнына қалыңдығы екі миллиметрдей жазық мырыш пластинка қолданылады. Фото-қағаз сыяқты мырыш пластинканың бетінде жарық сәуле сезгіш қабат бар. Көшірме жасап жатқанда негативке түсетін жарық сәуле оның мөлдір сызықтарынан өтіп жарық сезгіш қабатта химиялық өзгеріс туғызады. Бұл қабат тастай қатып қалады, суға ерімейді.

Көшірме жасалғаннан кейін пластинка суы бар ыдысқа салынады, мұнда жарық сезгіш қабатын әртүрлі бөлегі әртүрлі өзгеріске ұшырайды. Жарық сәуле әсер етпеген учасоктер шайылып шығады да, ол арадағы мырыш жалаңаштанады. Ал жарық түскен жерлердегі қабат ерімейді де, металл бетінде түпнұсқа суретке дәл келетін таңба түсіп қалады. Бұдан соң таңбалы пластинка қырнауға беріледі. Азотты және тұзды қышқылмен пластинканың жарық сәуле әсеріне ұшырамаған, жалаңаштанған жерлері қырналады. Сөйтіп клише де даяр болады.

Клише жоқ беттер тез құралады: құраушы белгілі мөлшерде жолдарды байлап (біздің кітабымызда 32 жол бар), оның астына беттің номерін қосады.

Клишесі бар, сондай-ақ ескертпелері мен заголовктары (тақырыптары) бар беттерді құрау сәл қыйынырақ.

Беттер құралып біткен соң олардың таңбасы тағы да ақ қағазға түсіріледі. Енді корректорлар ревизиялық корректураны оқыйды. Мұнда беттердің орналасу тәртібі қатаң сақталады. Ревизиялық корректораға әрбір 16 беттің, яғни

бір баспа табақтың таңбасы беріледі.


Құралған беттерді корректорларға қоса редактор оқыйды. Мұндай бақылау болмайынша, кітап шықпайды. Тиісті белгілер қойылған соң түзетіліп басылуы үшін беттер қайтадан баспаханаға жіберіледі.

Бет құраумен қатар кітаптың мұқабасы жасалып жатады. Біздің кітабымыздың мұқабасы клишеден жасалған. Мұқабада үш түрлі бояу бар. Әр түсті бояудың клишесі жеке жасалып, әр бояу жеке басылады.

Міне беттер түзетіліп, терілген текст енді баспа машинаға орналастырылды. Кітап басудың көптеген әдісі бар, біз соның біреуі туралы, яғни Ушинскийдің «Әңгіме және ертегілер» кітабы басылған әдіс туралы айтпақпыз. Бұл жазық басу әдісі деп аталады.

Терілген текст баспа машинаның талер деп аталатын столына орналастырылады. Стол жазық бағытпен қозғалады. Серпімді — жұмсақ біліктер баспа қалыпқа сыр жағып тұрады, қалып пресстің, яғни өз белдігінен айналып тұрған металл цилиндрдың астынан өтеді. Бұл цилиндр өзінің үстіндегі ақ қағазды терілген текке беттестіреді. Қағазға әріптердің таңбасы түседі. Тарақ қағаздар цилиндрге өздігінен оралып, құламай тұрады.

Талер алғашқы қалыпқа қайта келерде, тағы да цилиндрдың астымен өтеді, бұл жолы цилиндр көтеріліп тұрады, сондықтан терген әріптерге тимейді. Талердің қайтып оралуы екінші рет жаңа таңба басу үшін қажет. Бұл машина сағатына 2 мыңдай тарақ



Кітаптың мұқабасы.

басып шығарады. Сөздер әуелі қағаздың бір бетіне, одан соң екінші бетіне басылады.

Мұндай машиналармен 25—30 мыңдай тиражы бар кітаптар басылады.

Бүкіл тираж басылып болған соң, кітап тарақтары түптеу цехына беріледі. Мұнда олар беттер бойынша реттеліп, бірінен соң бірі орналастырылады, арнаулы машиналардың көмегімен тігіледі, мұқабаға түптеледі. Мұқаба барлық тарақтарға бірдей желімденеді.

Кітап бұдан соң кептіріліп, үш жағындағы жалбыраған артық қағаздары қыйып түсіріледі. Сөйтіп тираж даяр болады.

Одан соң кітап дүкендерге сауға жөнелтіледі.


Э. Рогоза

## ҚАШҚЫНБАЙДЫҢ СЫЛТАУЫ

Қашқынбай сабақ оқымай,  
Қойылды «екі» дәптерге.  
«Жөнделер «екі» — дейді ол —  
«Екі» алды ғой Бәткен де».  
Ерте тұрмай жатады  
Ойында жоқ зарядка.  
«Сергек-ақ қой, — дейді ол, —  
Зарядкасыз Марат та».  
Аскардың көрсен талабын —  
Жасапты СЭС моделін.  
Қашқынбай бір-ақ көрсетпек  
Өскенде барлық «өнерін».

ӘДІБАЙ ТАБЫЛДИЕВ,

Луговой ауданы,  
Каменка орта мектебі.



# Жолаушы күнделігі

Очерк

Қысқы демалысын Алматыдағы нағашысында өткізіп, үйіне бағана ғана келіп түскен Оразды онымен бірге оқыйтын жолдастары Сәду, Асылбек, Нақыш қоршап алып, сұрақты қарша жаудырды.

— Қәне, Ораз, Алматыда көрген қызықтарыңды айтшы?

— Балалар театрында болдың ба?

— Елканы көрдің бе?

— Оның бәрін қоя тұрындаршы,— деп, Сәду көнетоз шаңғы костюмінің жең түбін сыздатып тұрған ауыр, сом иығын Оразға тірей жақындап отырды.— Сен әуелі мынаны айтшы, Ораз. Алматының жоғарғы жағындағы биік таудағы мұз айдынына бардың ба?

— Спортқа бұл қызығушы ма еді. Барған да жоқ шығар— деді Асылбек.

— Жо, бардым,— деді Ораз.

— Онда Қазақ ССР Министрлер Советінің жүлдесін алу жарысы өткізілді ғой. Сен болдың ба сонда?

— Болғанда қандай.

— Ой, Ораз,— деп, спорт атаулыны, оның ішінде коньки тебуді аса жақсы көретін Сәду өз өзінен мээ болып, үлкен алақанын шапалақтап, Ораздың иығынан қапсыра құшақтады да, сілкіп-сілкіп қойды.— Сен жарайсың! Жарайсың, Ораз! Я, айта бер. Не көрдің? Қалай өтті? Кімдер қатынасты? Ондағы мұз керемет шығар. Халықтық демократия елдерінен де жүйріктер келді деп жазды ғой. Айтшы? Қалдырмай бәрін айтшы.

— Әуелі мұздың өзі қандай?

— Ондағы мұздың өзгеше қасиеті жөнінде газетке де жазды ғой.

— Я, жазды,— деп қоштады Сәду.

— Ондай мұз дүние жүзінде сирек кездесетін көрінеді. Конькиді тұтқырламайды дейді,— деді Ораз.

— Әттен, өзінде сырғанақ тебер ме еді! — деп Сәду бір қозғалып қойды.

— Оған немен, трамваймен бардыңдар ма?

— Трамвай қайдан барсын. Қаланың сыртындағы биік тауда емес пе. Машинамен бардық. Қаладан соған шейін айнадай жарқырап көсілген асфальт жол.

— Ал, енді жарыстың қалай өткенін айтшы,— деп шыдамсызданды Сәду.

— Мен оны сендерге күнделігімнен оқып берсем қайтеді?

— Тіпті жақсы, оқысаң, оқы — деп өтінді жолдастары.

Ораз дәптерін ашып, нақыштап оқый бастады.

«Январьдың 9-ы, 1955 жыл. Сапар маған...— Сендер Сапарды білмейтін шығарсыңдар. Ол — менің нағашымның баласы. — Ораз күнделігін әрмен қарай оқый берді.— Сапар маған осыдан үш-төрт күн бұрын: конькишілердің мұз айдынында болатын жарысына барамыз деп қуана желігіп айтып жүруші еді. Бірақ мен оны пәлендей қызық демейтінмін де, уақытында көрерміз деп, селқос жауап беретінмін. Шынымды айтсам, соған әуреленіп барғым да келе қоймайтын. Мұз үстіндегі жай бір сырғанақ шығар. Онан да қызық бір романды кеулеп үйде отырғаным

артық емес пе, деп ойлайтынмын. Енді міне, бүгін таң елең-алаңнан Сапар мені жұлмалап оятып, бармасыма болмай жатып, таудағы мұз айдынына алып жөнелді.

Мінеки Алматының көпке белгілі биік тау мұз айдыны. Мерекедегідей қызылды-жасылды боп жайнап кеткен. Мезгілдің мұнша ертелігіне қарамастан мұнда келген халықта есеп жоқ. Бүкіл тау арасы қара құрым ел! Машина дегеніңіз, жіпке тізген моншақтай, шұбырып қала жақтан толассыз әлі ағылып келеді. Япыр-ау, бүкіл қала осылай түгел қотарылған ба?

Халықтың көптігінен көзім тұнып, қасымдағы Сапардан:

«Біз орынды қайдан табамыз?» — деп сұрасам, «сонау қыя бетке өрмелеп бара жатқан жұртты көрдің бе,— дейді ол,— ең жақсы



Т. Рылова

трибуна міне сол. Ол арадан бүкіл мұз айдыны алақанында тұрғандай сайрап көрінеді».

Біз де солай беттедік. Құмдай үгілген еспе сұр қарды тізеден кешіп, ілгері басқан аяғымыз кейін кетіп, әрең өрлеп келеміз. Оған қоса сендей соғылысқан жұрт жол бермейді.

Уһ, ақыры шықтық-ау бетке. Мұз айдыны жарқырап табанымыздың астында қалды. Жан-жағымыз тіп-тік биік тау жоталары. Желке жағымыз сыңсыған ну карағай. Бүгінгідей ауа райының жарқыраған күні табиғатың осы мол көркемдігі ерекше көз тартып, аспан да, тау-тас та, орман да, мұз да мұнтаздай тазарып кеткен секілді!

Көк айнадай жарқыраған мұз айдынын қоршай қадалған сан алуан түсті жібек жалаулар—әр ұлт республикасының, бүгін конькишілері осы жарысқа қатысып отырған халықтық демократия елдерінің, әртүрлі спорт қоғамдарының жалаулары—тау шатқалы жатқан ескен самал желмен мың құбылып, біріне бірі ұласа желбірейді.

— Керем-е-ет екен! — деп қойды Сәду.

Бала десе бәрімізге тиеді ғой. Кейде біз өз-өзімізден құтырынып, еш қажеттігі болмаса да ойымызға келгенді істейміз. Осы ұшар биікті азырқанғандай кейбіреулер азаптанып, зәулім карағайдың басына шығып бұтақтарға қонақтап отыр.

Ақыры күткен минут жетті. Әр елдің әр түсте киінген, жарау аттай сылаң қаққан конькиші жүйріктері мұз айдынына сапқа тұрды. Өткен жылы осы айдында Қазақ ССР Министрлер Советінің жүлдесін жеңіп алған горькийлік Владимир Сахаров жарыс жалауын көтерді. Совет Одағының, Қазақ ССР-ның мемлекеттік гимндерінің қуатты сазы салтанатпен естілді.

«Әуелі еркектер бес жүз метрге жарысты». Қім озар екен? Бұл қашықтыққа бұдан бұрын Юрий Сергеев әрі одақтық, әрі дүниежүзілік рекорд жасап еді. Соны ешкім жақсартпа алар ма екен, сірә? Сахаров пен Шилковтың бірі одан озып кетпес пе екен? — деп, қасымдағы Сапарым мазасызданып маған қарайды. Мен қайдан білем, кім озатынын. Газеттен оқығаным болмаса, Сапар сыяқты

оларды жүзбе-жүз танымаймын да. Қайсысы озса да маған бәрі бір емес пе?»

— Ал маған бәрібір емес,— деп, киіп кетті Сәду,— мен оларды көрмесем де, алыста жатсам да, менің бүйрегім бұратын өз конькишім бар.

«Міне, мәреге екі адам шықты: Қислов пен Головченко».

— Я, сәт, Головченко озса екен! — деп, Сәду тап бір шын жарысты көріп отырғандай-ақ ұмтылып, желігіп қойды.

— Сенің бүйрегің кімге бұрады? — деп сұрады менен Сапар.— Қай озғанына,— деп жауап бердім мен.

— Онда сенімен тұрудың еш қызығы жоқ екен,— деп ол ренішті қабақпен жоғарырақта тұрған үш-төртеудің қасына шығып кетті.

«Тарс етіп мылтық атылуы мұң екен, екі жүйрік тездете аяқ тастап, алға ұмтылды. Қашан жүгіру қалпына түсіп алғанша қолдары да асығыс сермеліп барады. Мұндайда мәреде сәл ғана, айталық, секундтың елеусіз саналатын оннан бір бөлегіне бөгеліп қалсаң, бүкіл бір рекорд уысыңнан шығып кеткені».

Сәду тағы қозғалып қойды:

— Жарыс деп міне осыны айт!

«Әуелгіде-ақ Головченконың сонына таман түсіп қалған Қислов»...

Сәду тағы киіп кетті:

— Я, сәт!

«... Қашан сөреге жеткенше онымен теңеле алмады. Ол 0,3 секунд кешігіп келді. Бұлар онша жаман жүгірген жоқ. Рекордқа 2,5 секунд ғана жетпей қалды».

— Бәсе, Головченко тамаша конькиші ғой!

«Мәреге кировтық Валентин Чайкин мен ленинградтық Борис Шилков шықты. Тұрғандар екеуін де мықты конькишілер десіп жатыр. Көрейік мықтылығын. Чайкин Алматы мұз айдынындағы ең бірінші жарыста жүлдені жеңіп алған екен. Ал Шилков болса, дүние жүзінің чемпионы».

Айтса айкаңдай-ақ! Аяқ тастастары тым шыйрақ. Көсіп-көсіп сілтегенде мұз айдынының екінші шетіне жетіп барып қалды. Бұлардың бұрылғаны қызық! Ішке қарай жамбастап қыйсаяды да, аяқтарын қар сы-



Б. Шилков

зықтың шетін қырпый тез алмастырып, ағызып өте шығады. Чайкин мен Шилков тап осылай істеді. Әне, екеуі үзеңгілес бұрылып барады. Қап!... Не болды!... Ана біреуі жығылды-ау. Ол қайсысы екен? Оңбай жығылды! Аяғын бауырына жыйып ап, арқасымен сырғанаған күйі айдынның шетіндегі үйме қарға бұрк етіп бір-ақ соғылды. Сонда да тұра салып, тағы жүгіруге ойы бардай. Қайдан жүгірсін! Бұл екі арада оны мен жарысушы айналымның екінші иініне барып қалған еді.

Жығылған Шилков»...

— Дүние жүзінің чемпионы ма? — деп сұрады Сәду.

— Я, сол.

— Қап! — деп, Сәду де, өзгелері де сандарын бір-бір соқты.

«Жығылған Шилков екен. Ол жүгірмей қалып қойды. Жалғыз замғап бара жатқан Чайкинге біреулер: Бас! Бас! Жалғыз шапқан ат жүйрік! — деп дауыстап жатыр».

— Біздің Алматы биік тау мұз айдынын олар өз елдеріне мақтап барады десеңші!

Бес жүз метрге жүгіруде Ю. Сергеев жасаған бұрынғы рекорд бұл күні өзгерген жоқ.

Енді міне еркектердің бес километрлік жарысы басталды. Тұсымыздан жұлдызша ағып өтіп жатқан жүйріктерге Сапар: «Бас, Виктор! Бас! Замға, Қоля! Замға! — деп, аттарын атап, құлшына айғайлайды. Оған ілесіп, енді, кейде, мен де дауыстап қалам.

Кенет Асылбек Ораздың сөзін бөліп:

— Сәду, сағат бір жарым болып қалыпты, — деп еді. Балалардың бәрі жалт бұрылып, қабырға сағатқа көз салды.

— Немене, бір жаққа барушы ма едіңдер? — деп сұрады Ораз.

— Сағат екіде өзіміздің хоккей командасының жаттығуы бар еді, — деді Сәду.

— Ендеше қалғанын кейін оқып берермін.

— Сөйтіп жарыс төрт күнге созылды ғой.

— Я, төрт күнге созылды.

— Тағы қандай қызықтар болды?

— Қызықтың үлкені сол — бес мың метрге жүгіруде біздің конькишілер тамаша табысқа жетті. Д. Сакуненко бұл қашықтықты 7 минут 54,9 секундте өтіп дүниежүзілік жаңа рекорд жасады. Сөйтіп, голландиялық К. Бр-диманның соңғы алты жыл бойына өзгермей келе жатқан рекорды өкшеге түсіп қалды.

Бірақ Сакуненко рекордының өмірі тым қысқа болды. Арада небәрі бірнеше минут өткеннен кейін дүние жүзінің чемпионы Борис Шилков оны басып озып, (7 минут 45,6 секунд) жаңа рекорд жасады. Жарыстың

екінші күні Евгений Гришин бір жарым километрлік қашықтықты 2 минут 9,8 секундта өтіп, бұрынғы дүниежүзілік рекордты 3,1 секундқа жақсартты.

— Ол да бұрын талай жүлде алған атақты конькиші ғой, — деді Сәду.

Бұл рекордты ешкім өзгерте алмады.

Екі күнге созылған жігіттер жарысының қортындысы шығарылғанда, ең оздығы Д. Сакуненко болды. Қазақ ССР Министрлер Советінің жүлдесін сол алды.

— Жігіт-ақ екен! Ал әйелдер жарысы қалай өтті?

— Әйелдер жарысы да қызу болды. Бұрынғы жарыстарда, әсіресе, Рима Жукова мен Халида Щеголееваның аты шыққан еді ғой. Бұл жолы неге екенін Щеголеева келмей қалыпты. Ал Жукова пәлендей өнер көрсете алмады. Қайта Вологда қаласынан келген, бұрын аты мәлім емес Тамара Рылова дейтін жас қыз дүниежүзілік екі рекорд жасап, озып шығып, Қазақ ССР Министрлер Советінің жүлдесіне ие болды.

— Солардың өздері қалай — деп сұрады Асылбек, — соншама асқан жүйрік боларлықтай нендей ерекшеліктері бар екен?

Бұл сұраққа Сәду жауап берді:

— Нендей ерекшелігі болушы еді? Ешқандай да ерекшелігі жоқ. Олар да біздей екі қол, екі аяғы бар адам. Бар ерекшелігі сол, олар жастайынан үзбестен дұрыс жаттығып келеді. Осы бастан дұрыс жаттықсақ, бізден де сондай жүйріктер шығуы мүмкін. Болашақ дүниежүзілік жаңа рекордтың бірін, мүмкін, осы төртеуіміздің біріміз қоярмыз.

— Жә, жә, тым асқақтама, — деп күлді Асылбек, — оған әлі ертерек. Онан да әуелі мына «Найзағайды» жеңіп, мектеп кубогіне ие болып алайық. Сонан соң тағы көре жатармыз. Қәне, сағат екі болып қалды. Жүріңдер, жаттығуға кеттік!

Конькилерін қолтықтап, есікке беттеген балаларға:

— Сәду, тоқтай тұрындар. Жаттығуға мен де барам, — деді Ораз.

— Мен де деймісің? Міне қызық. Асылбек, Сәдудің не деп тұрғанын естідің бе? Жаттығуға мен де барам дейді.

— Құлмендер, рас айтам. — Ораз гардеробтың үстіне қолын созып, табанына коньки шегеленген су жаңа ботинканы алды. — Міне, мынаны мен әдейі Алматыдан әкелдім. Енді мен де коньки тебумен шұғылдануға бел байладым.

*Б. Соқпақбаев.*



## ТАБИҒАТ КАЛЕНДАРЫ



## МАРТ

Көктем қай айдан басталады?

Бұл сұраққа метеоролог «1-марттан» деп жауап береді. Метеорологияда март, апрель, май — көктемгі айлар болып саналады.

Бұл сұрақты астрономдарға берсеңіз, олар «көктем 22-марттан басталады» деуі мүмкін. 22-март — күн мен түннің теңелетін мезгілі ғой.

Ал, енді бұл сұрақты биологқа беріп көріңіз. Ол көктемнің басталатын күнін нақтылы айтпағанмен, көктем табиғатқа тіршілік кіре бастаған кезден басталады дегенге нұсқайды. Көктемнің белгілерін ағаш сезінетін — ағаш. Ағаш шырынына жан біте бастауы — көктем белгісі, — дейді биолог.

Сөйтіп, көктем әр жерде әр мезгілде басталады екен.

Дегенмен Совет Одағының орта шенінде (Сибирьді қоспағанда) көктемнің бастапқы айы — март болып есептеледі. Бұл кезде ең алдымен үйеңкінің өзегінде тіршілік басталады. Үйеңкіден кейін көктемді тез сезінетін — қайың.

Көктем белгілерін білгіңіз келсе, марттың бас кезінде орманға барып көріңіз. Қар әлі қалың болса да, ағаш түбі жұқара бастаған. Мұның өзі көктемгі күн көзінің ағашты қыздыра бастағанын байқатады. Ағаш қызған соң оның түбіндегі қар да басқа жердегі қардан гөрі тезірек ериді.

Марттың аяқ кезінде оңтүстіктен құстар ұшып келе бастайды.



Туманность М-31 в созвездии Андромеды

Қысқы ұйқыдан оянып аңдар да сыртқа шығады. Аю апанын тастап, өсіп қалған күшігін өргізеді. Адам мекенінен алыс тасалау жерге қасқыр күшіктейді. Қасқыр күшігі де ит күшігіндей көзі жұмулы туады. Бұл — қасқырдың ауыл маңындағы малға жиі шабатын кезі. Өйткені оған күшіктерін асырау үшін көп азық керек болады. Аңшылар үшін март — қасқыр соғуға ең қолайлы ай.

Ұйқыдан оянып, борсық та дала кезе бастайды. Оның күшігі әлі інде. Көктемде қояндар да балалайды. Ашық түсті, үлпілдек жүнді қоян көжегі тым ерте-ақ жүруге жарап қалады. Бірақ олардың жауы көп. Сондықтан олар ешқайда шыға алмай анасын күтеді. Бір қызық жері — қоян өз уясын белгілемейді. Кез келген аналық қоян кез келген көжектегі емізіп жүре береді.

Март ішінде судағы балықтарға да жан кіре бастайды. Шортан қыста паналаған ұясынан шығып, жаңа күшпен тамақ аулауға кіріседі. Ұйқысынан ерте оянған балықтар балалайды.

Совет Одағының орталық шенінде көктем осылай басталады. Бірақ солтүстікте қыс әлі сол қалпында. Оңтүстікте көктем ерте басталған. Бұл кезде Кубанда ағаш гүлдеп тұр. Авхазияда алма ағашы гүл атып, Ташкентте өрік пен бадам (миндаль) өсуде.

Марттың 22-сінен бастап күн ұзара бастайды. Бірақ көктем түні әлі қараңғы, жұлдыздарды әлі де анық көруге болады. Андромеды жұлдызын іздеп көрейікші, кәні! Оны табу қиын болмайды. Поляр жұлдызын нысанаға алып, Темір қазықтың қарсы жағына қарасақ, Кассиопей жұлдызы көрінеді. Оның ар жақ қасында Андромеды бар. Андромеды жұлдыздары тобындағы ең жарық жұлдыз саналатын — Альмак. Альмак — сары, көк — екі жұлдыздан тұрады.

Андромеды жұлдыздарының М-31 аталатын тұманды бөлегі бар. Ол Андромедының  $\beta$  жұлдызы мен Кассиопейдің  $\beta$  жұлдызының аралығынан көрінеді. Түнгі аспаннан тұманды таңба көру оңай да емес. Дегенмен мұқыят қарасаңыз, оны анық көруге болады. Ол — жұлдыз да, бұлт та емес, бір тұтас тұман бөлегі. Бұл — аспан әлемі тәрізді өз алдына бір дүние. Ол дүниеде де біздің Галактика тәрізді жұлдыздар көп.

Аспан әлеміндегі әртүрлі жұлдыздар, күн, ай — барлығы да өзара көрші. Олар Галактикаға қарайды. Ал, Андромеды тұманы — басқа жұлдыздар семьясына жатады. Ол бізге кішкене боп көрінгенмен, өте алыста тұрады. Оның жер бетінен алыстығы 8.514.720.000.000.000. км. Бұл цифрды санау да оңай болмас.

Андромеды жұлдыздары тобын Галактикаға таяу жұлдыздарға қосқанда, одан талай есе алыста тұратын жұлдыздар да өте көп. Мұның өзі аспан әлемінің соншалықты түрліше, соншалықты бай екенін байқатады.

## СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

### Түсініксіз сөздер

Қазақ тілінде әртүрлі түсініксіз сөздер бар. Олардың көпшілігі тек белгілі сөз тізбектерінде қолданылып, жалпы сөйлемнің ішінде ғана түсінікті болады. Ол сөздерді жеке алғанда түсінуге болмайды. Мұндай түсініксіз сөздердің шығу төркінін тек қазақ тілін туыстас басқа түркі тілдерімен (өзбек, қырғыз, қарақалпақ, алтай, түрікмен, татар т. б. 50 шақты тіл) салыстыра зерттегенде ғана білуге болады.

Мәселен, «төбеңе құй қаздым ба?» дегендегі «құй» деген сөз жеке алғанда түсініксіз. Қарастыра келсек, бұл сөз татар, азербайжан және алтай тілдерінде «құдық» деген сөз екен. Сонда «төбеңе құдық қаздым ба?» болып шығады.

Осындай «телегей теңіз» деген тіркестегі «телегей» алтай тілдерінің кейбірінде «әлем», «кеңістік» деген сыяқты мағынада қолданылады да, қазақ тілінде «теңіз» деген сөзбен тіркесіп, ерекше молдық мағынасын білдіреді.

Сол сыяқты «тұлдай жылаңаш» деген тіркестегі «тұл» деген сөз алтай тілдерінде «жүнсіз, тақыр жон» деген ұғымда қолданылады. Ендеше, бұл тіркес «жүнсіз, тақыр жондай» деген мағынаны білдіреді.

Түсініксіз сөздердің көбі қос сөздерге байланысты. Сол себептен де мектеп грамматикаларында қос сөздердің кейбірін бір сынары түсініксіз қос сөздер, кейбірін екі сынары бірдей түсініксіз қос сөздер деп бөледі. Бір сынары түсініксіз қос сөздерге «тоқты-торым», «жігіт-желең», «қат-қабат», «бала-шаға» деген сыяқты қос сөздер жатады.

Осы қос сөздердегі «торым», «желең», «қат», «шаға» деген сөздер жеке алғанда түсініксіз. Бұл сөздердің де сыры туыстас түркі тілдерімен және басқадай ежелден қарым-қатыста келе жатқан тілдермен салыстыра зерттегенде ғана ашылады. Мысалы: «торым» бурят-монғол тілдерінде «тайлақ» деген сөз. Сонда «тоқты», «торым» екеуі қосарланып айтылып, «жас малдар» деген ұғымды береді. «Желең» — монғол тілінде «жігіт» деген сөз. Сонда аударсақ «жігіт-жігіт» болады да, «жігіттер» деген ұғымды білдіреді.

«Қат-қабат» дегендегі «қат» ұйғыр, азербайжан және алтай тілдерінде «қабат» деген мағынаны береді. Сүйтіп, «қат-қабат» деген қос сөз «қабат-қабат» ұғымын білдіреді. «Бала-шаға» дегендегі «шаға» өзбек тілінде «балапан», азербайжан тілінде «жас, жаңа туған бала» мағыналарында қолданылады. Қазақ тілінде бұл екеуі қосарланып, балалардың көпшілігін білдіреді.

Кейде қос сөздердің екі сынары да түсініксіз болып келеді. Мысалы, «некен-саяқ» деген қос сөздің «некені» ұйғыр тілінде «нәкән», «наған» түрінде айтылып, «сирек» деген мағынаны білдіреді. Алтай тілдерінде «саяқ жүрген таяқ дейді» деген мақал бар. Бұл мақалдағы «саяқ» деген сөз «жеке» мағынасында қолданылады. Осылайша, «некен-саяқ» деген қазақ тілінде біріге келіп, «сирек», «жеке» деген мағынаны білдіреді.

Кейбір жеке сөздердің де шығу төркінін басқа туыстас тілдер арқылы білуге болады. Мысалы, қазақ тілінде «бауыздау» деген сөз бар. «Бауыздау» — малды тамағынан пышақпен орып жіберу. Осы сөзді талдасақ, түбірі — «бауыз», «да» — зат есімді етістікке айналдыратын жұрнақ, «у» — етістіктің тұйық райының жұрнағы. Осы сөздің түбірі «бауыз» қазақ тілінде жеке алғанда түсініксіз. Бірақ ескі жазу нұсқаларында VIII ғасырда бұл сөз «тамақ» мағынасында қолданылған. Қазіргі азербайжан тілінде де бұл сөз «тамақ» мағынасында қолданылады. Ендеше, «бауызда» деген «тамақта» деген сөз.

«Қарағым» дегендегі «қарақ» якут және алтай тілдерінде «көз» деген ұғымды береді, сүйтіп, бұл «көзім» деген сөз.

Сүйтіп, тіліміздегі бұл түсініксіз сөздердің басқа тілдерден табылуы — бір жағынан қазақ тілінің басқа тілдермен туыстығын білдірсе, екінші жағынан кейбір тілдермен (М: монғол тілі) көп уақыттан бері қарым-қатыста екендігін көрсетеді.

А. Абрахманов.

Қазақ ССР Ғылым Академиясы тіл және әдебиет институтының ғылыми қызметкері.

---

Мұқабаның бірінші бетінде «Бүгін маманның мейрамы», төртінші бетінде «Құс достары»  
Суреттерін салған Н. Лебедев.

---

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ерғалиев Х., Ибраева А.,  
Иманжанов М., Қыйрабаев С., (редактор), Нұркатов А., Нұртазин М.

---

Республикалық газеттер баспасы.


Техникалық редактор И. Перлов.

---

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом № 79, редакция журналы «Пионер».

---

Подписано к печати 21/II 55 г. УГО2477. Бум 84×108<sup>1</sup>/<sub>16</sub>—0,75 бум. 2,46 т. л. Тираж 23 750.  
Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 194.



# Баланың уақытында



## ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 1955 жылғы I-номеріндегі түрлі жұмбақтардың шешулері:

### «АЛТЫ КІТАП»

«Жана жылда жақсы оқыық, жас достар!»

### «КРОССВОРД»

Көлденеінен:

5. Владивосток. 6. Рига. 7. Өзен. 12. Эстония. 15. Павлов. 16. Одағай. 19. Патефон. 22. Қама. 23. Атау. 26. Калининград.

Тігінен:

1. Таллин. 2. Каир. 3. Охот. 4. Пионер. 8. Хабарлы. 9. Өте. 10. Ана. 11. Декабрь. 13. Іле. 14. Жаз. 17. Ата. 18. Уфа. 21. Жанасу. 25. Анод.

### «ЖҰМБАҚТАР»

1. Шам. 2. Сағат. 3. Қараторғай. 4. Мысық.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:

Б. Негметқалиева, И. Күзембаев (Талдықорған облысы), К. Бейсембина (Нарынқол), Ы. Үмбеталиев (Отар станциясы).

## ҚАНДАЙ МАҚАЛ?

	А	М	А	У			
	Л	Д	А	А			
	Л	Ж	Ж	А	Қ	Б	Ғ
	Ы	О	Н	А	Т		
	Ы	Р	С				

Мына шахмат тақтасындағы аттың жүрісімен әр әріпті басып өткенде, қазақ мақалы шығуға тиіс.

Ж. Оралбаев.

Талас ауданы.

## ЖҰМБАҚ


Қарап тұрсаң өзіне,  
Сурет түсер көзіне.  
Ол суретің ұқсайды  
Дәл қазіргі кезіне.

Жіберген С. Бигелдиев.  
Жамбыл ауданы.

## КРОССВОРД

Көлденеінен:

1. Түс. 5. Қазақстандағы облыс орталығы. 8. Болат балқытатын пеш. 10. Эпикалық жанрдың түрі. 12. Тілек. 14. Америкадағы мемлекет. 15. Советтік республиканың астанасы. 16. Аң. 18. Географиялық термин. 19. Әскери атак. 21. Рекордшы, тары өсіруші. 22. Жәндік.



Тігінен:

2. Әкімшілік бөлімі. 4. Теріс зарядты ион. 6. Ауылшаруашылық машинасы. 7. Орыстың ұлы теңізшісі. 9. Москвадағы көше. 10. Мейірімділік. 11. Волганың саласы. 13. Жыл мезгілі. 16. П. Павленконың романы. 17. Құрылыс материалы. 20. Мәңгі жасыл ағаш.


Құрастырған Х. Омаров.

## РЕБУСТАР




Бұл ребусты дұрыс шешкенде іскерлік жайында айтқан Абайдың нақыл сөзі шығады.

Құрастырған Бибігүл Салықова,  
Баянауыл ауданы,  
Сталин атындағы жетіжылдық мектеп.



Бұл ребусты шешкенде қазақтың сақтық жөнінде айтқан мақалы шығады.

Жіберген Ш. Мырзағалиев.  
Торғай қаласы.



Мына фигурада бес шеңбер, он екі клетка бар. Осы клеткаларға I ден 12 ге дейінгі он екі санды орналастырғанда, әр шеңбердің ішіндегі төрт санның қосындысы жыйырма алтыға тең болсын.

Ф. Фаткуллин,

Свердлов қаласы.

БАҒАСЫ 1 СӨМ.

